Кеше Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрында облыс әкімі Қырымбек Көшербаев халық алдындағы есепті кездесуін өткізді. Кездесуде аймақ басшысы өткен жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары мен алда атқарылар міндеттерді саралады. Жиынға қала тұрғындары, қоғамдық ұйым өкілдері, ардагерлер, зиялы қауым, жастар қатысты. Сонымен бірге, барлық аудан жұртшылығы кездесуді онлайн режим арқылы тамашалап, көкейдегі сауалдарын қоюға мүмкіндік алды. Және де тұрғындардың Call орталығына түскен ұсыныс-пікірлері тыңдалып, телефон арқылы сұрақтар қойылды.

Облыс әкімінің есебіне ҚР Энергетика министрі Қанат Бозымбаев, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК басқарма төрағасы Асқар Жұмағұлов қатысты.

Есептік кездесуде облыстың әлеуметтік -экономикалық, мәдени-рухани дамуы сараланып, өңірдегі жаңа жетістіктер, үлкен мүмкіндіктер, игерілген игі істер, ел мүддесі жолындағы барша құндылық ой сарабына салынды.

Сыр бойы

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

16 АҚПАН БЕЙСЕНБІ 2017 жыл №25 (19311) ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ www.syrboyi.kz

АЙМАҚТЫҢ АЛЫМДЫ АСУЫ – ЖАҢАШЫЛДЫҚТЫҢ ЖАРҚЫН ЖЕМІСІ

ОБЛЫС ӘКІМІ Қ.КӨШЕРБАЕВТЫҢ ХАЛЫҚ АЛДЫНДАҒЫ ЕСЕПТІ КЕЗДЕСУДЕ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Міне, тағы бір жылды артқа қалдырдық.

2016 жылдың ел тарихындағы аса бір белесті жыл болғанын баршаңыз білесіздер.

Халқымыздың қадірін асырған, еліміздің еңсесін көтеріп, бүкіл әлемге әйгілі еткен қастерлі де қасиетті Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығын атап өттік. Осы ұлан-асыр мерекені барша елімізбен бірге Сыр елі де ерен еңбекпен, толағай табыстармен қарсы алды. Сол ширек ғасырдың ішінде жүріп өткен «тар жол тайғақ кешуде» қажыр мен қайрат көрсеткен, тәуелсіздіктің тұғырын бекітіп, айбынын асыруда береке-бірліктеріңізді бекемдеп, ұлтымыздың ұйтқысы бола білген баршаңызға шын жүректен ризашылық білдіруге рұқсат етіңіздер!

Осындай асқаралы жылда біздің өңірде атқарылған атап айтарлық ауқымды істер аз емес. Міне, бүгінгі басқосуда соларды рет-ретімен баяндап, алдымыздағы жылдағы міндеттерді тиянақтайтын боламыз.

Естеріңізде болар, Қазақстан өз Тәуелсіздігін алған елең-алаң кезеңде Елбасы үш қастерлі де қасиетті міндетті алдымызға қойған болатын.

Оның:

Біріншісі – әлеуметтік бағдарланған Тәуелсіз мемлекеттің іргетасын қалап, тұғырын биіктету;

Екіншісі – нарықтық экономиканы қалыптастыру;

Үшіншісі – қоғамдық ой-сананы қайта жаңғырту.

Ел тарихының ширек ғасырында еліміз осы үш ұлы мақсатты темірқазық етіп ұстанып келеді.

Бұл жылдар біздің еліміз үшін халықтың әл-ауқатын арттырған тұрақты, үдемелі дамудың дәуірі болды.

Қазақстан 25 жылда экономикасы қарқынды дамып келе жатқан, бірегей табыс тәжірибесі бар саяси тұрақты мемлекетке айналды. Ширек ғасырда кейбір мемлекеттердің ғасырда жүріп өтетін жолын өз ырқына бағындырды. Мұндай алмағайып кезеңде өркениет көшіне ілесе алмай, шаң қауып қалған мемлекеттер де аз болған жоқ емес пе?!

Біздің көпэтносты еліміздегі бейбітшілік және келісім, мәдениеттер мен діндердің диалогы әлемге «қазақстандық жол» ретінде танылды.

Елбасы атап көрсеткендей, мемлекетіміз әлемнің аса қарқынды дамушы елдерінің қатарына кіріп, әлденеше әлемдік экономикалық дағдарыстың соққысына төтеп беріп, өзінің қандай сынға болса да төзе алатынын танытты.

Мысалға, көліктік инфрақұрылымның көптеген стратегиялық маңызды нысандары салынып, аймақтық және жаһандық шаруашылық байланыс жүйесіне енуге мүмкіндік берді.

Кәсіпкерлікпен айналысуға жақсы жағдайлар жасалып, заманауи банктер мен салық жүйесі құрылды.

Өтпелі кезеңде Президенттік билік өзінің тиімділігін көрсетті, Қазақстан ішкі қоғамдық тұрақтылық пен бейбіт сыртқы саясатты ұстанған, экономикалық өскелең елге айналды.

Міне, осындай ұлы Отанымызда атқарылып жатқан тарихи маңызды шараулардың барлығында қызылордалықтардың қомақты үлесі, айшықты қолтаңбасы бар. Біз оны әрқашан мақтанышпен айта аламыз.

Елбасының «Біздің Тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерімізді бір ғана Қызылорда облысынан көруге болады» деген сөзінің себебі осында.

Әсіресе, біздің ұлттық құндылықтар мен халықтық қасиетімізді қастерлеудегі орнымыз ерекше бөлек. Сыр өңірін қазақ халқының тарихын, ежелгі дәстүрлері мен мәдениетін, тілін сақтап отырған қазақтың қасиетті өлкесі деуге болады.

Сол ұлттық болмысымызды сақтай отырып біздің ел кемел келешекке апаратын жаңа технологиялар мен жетістіктерді де жете меңгеруде. Сондықтан, біздің өңірдің символы екеу – Қорқыт ата мен «Байқоңыр» ғарыш айлағы, ал, мәні – «Сыр – Алаштың анасы» деген ұғымда.

Құрметті жерлестер! Бүгін менің Сіздердің алдарыңызда аймақ басшысы ретіндегі төртінші есептік кездесуім.

Ең алдымен, іс-әрекетіміздің айқын, жұмысымыздың ашық болуы үшін біз жыл сайын облыс әкімінің Іс-қимыл жоспарын бекітіп, оны БАҚ беттерінде жариялау дәстүрін енгіздік. Естеріңізде болса, былтыр да осындай есептік кездесу кезінде дәл солай жасағанбыз. Енді соның нәтижесін сараптайық.

Экономикалық күрделі кезеңді ескере отырып, 2016 жылға арнап қабылданған облыс әкімінің Іс-қимыл жоспары, бұдан 2 жыл бұрын қабылданған бағдарламалар секілді, негізінен дағдарысқа қарсы Іс-қимыл жоспары қызметін атқарды.

Жылдың негізгі басымдықтары жұмыспен қамту мен әлеуметтік қорғау мәселелері, бағаны ретсіз өсірмеу, экономиканы әртараптандыру мен инфрақұрылымды бюджеттік мүмкіндіктердің шектеулігіне байланысты мемлекеттік-жекелік серіктестік пен халықаралық қаржы ұйымдары арқылы дамыту мәселелері болды.

Жоспарға 207 іс-шара кірді. Өкінішке қарай, олардың арасынан 2 тармағы жан басына шаққанда инвестиция өсімін қамтамасыз ету (103 пайызға дейін) мен жалпы өңірлік өнімнің белгіленген деңгейін (98,3 пайыз) орындауға қол жеткізе алмадық. Оның объективті себептері бар, мен оған кейінірек тоқталамын.

Әйтсе де, жергілікті атқарушы органдардың жұмысын тек қана макрокөрсеткіштер бойынша емес, оның халықтың күнделікті тіршілігіне қалай әсер етіп жатқанымен бағалау түсінікті де дұрыс болары сөзсіз.

Бірінші кезекте, бұл – денсаулық сақтау мен білім беру саласының даму көрсеткіштері, жұмыссыздық деңгейі мен материалдық әл-ауқаты, қоғамдық-саяси қауіпсіздік пен өмір сүру ұзақтығы.

Мәселен, 2015 жылдың өзінде Қызылорда облысында табиғи өсім 1000 адамға шаққанда 20 промилле болса (1000 адамға шаққанда 20 адам), 2016 жылы бұл көрсеткіш 21,2 промиллеге жетті.

Демек, адамдар өзінің болашағына сенімді бола бастаған. Туу көрсеткіші өсіп, өлім көрсеткіші азайды.

Бұл көрсеткіштерге мен әлі кеңірек тоқталатын боламын.

Бүгін біз өткен жылы атқарған жұмыстарымыздың нәтижесін сараптаймыз. Ал, соңғы нәтижелер салыстырумен анықталады.

Мәселенің мәні неде? Осы айтып жатқандарымыздың күнделікті өмірдегі көрінісі бар ма? Оған, әрине, «бар» деп жауап береміз.

Бізге экономика мен өнеркәсіп өндірісінің өсімін әрі қарай қамтамасыз ету керек. Ал, әлемдік экономикадағы тұрақсыздық, кейбір мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастардың күрделенуі біздің еліміздің дамуына, сонымен бірге, біздің өңірдің экономикасына кері әсер етіп жатса, оған қалай қол жеткіземіз?

Нақтылап айтсақ, аймақ экономикасы тәуелді болып отырған, өнеркәсіп құрылымында 62 пайызға ие мұнай өндірісі жыл сайын кен орындарының сарқылуынан кеми түсуде.

Әрине, біз бұрын болжамаған қиындықтарға тап болудамыз, оның үстіне, кейбір нәтижелерге қол жеткізу біздің жасап жатқан жұмыстарымызға тікелей байланысты да бола бермейді.

Солай бола тұрса да, біз үшін осындай қиын кезеңде қол жеткізген әрбір, мейлі, болмашы жетістіктің өзі аса маңызды. Өйткені, оның артында сырт көзге байқала бермейтін ауқымды ұйымдастыру жұмыстары тұр.

Мен соңғы жылдары біздегі мұнай-газ саласындағы күрделі жағдайлар туралы ашық айтып келемін. Оның мәнін осы залда отырған мамандар жете сезінеді деп ойлаймын.

Дағдарыс пен әлемдік мұнай бағасының төмендеуі – республиканың өзге өңірлеріне қарағанда біздің өңірге айтарлықтай ерекше әсері болды.

Соңғы 2 жылда республика бойынша қысқарған мұнай өндірісінің 70 пайызы біздің облыстың үлесінде. Яғни, елімізде кем өндірілген 3 млн тонна мұнайдың 2,2 млн тоннасы бізге тиесілі.

Бұл, өз кезегінде, жер қойнауын пайдаланушыларды өздерінің инвестициялық бюджетін қысқартуға мәжбүрлеуде. Соның әсерінен аймақтың өнеркәсіп өндірісінің көрсеткіштері де (физикалық көлем индексі – 90,2 пайыз), жиынды барлық құрылыс жұмыстары да (ФКИ – 60,5 пайыз), инвестиция көлемі де (ФКИ – 86,9 пайыз) азайып отыр. Осылайша, мұнай өндіру секторындағы қиындықтардың экономиканың барлық секторына тікелей немесе жанамалай зардабы тиді деген сөз.

Сонымен бірге «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» тас жолының, «Сексеуіл-Бейнеу» теміржолының, «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырының аймақтағы учаскелерінің құрылыстары өз мәресіне жетті.

Мұмкін, бізге осындай сілкініс қажет те болған шығар. «Жаман айтпай жақсы жоқ» деген тәмсіл бар емес пе?! Біз Мемлекет басшысының экономикамызды әртараптандыру, оны жылдамдатып индустрияландыру қажеттігі туралы жылдар бойы айтқандарының өзектілігін осы орайда ғана нақты сезіндік деуге болады.

Уақыт сынағы аймақ экономикасының құрылымдарын қайта құруға байланысты кезінде қабылданған облыстың 2020 жылға дейінгі даму стратегиясы тұжырымдарының дұрыстығын тағы бір дәлелдеді.

Әрине, экономика құрылымдарын өзгерту бір жылда жүзеге асатын процесс емес екенін, аймағымыздың көмірсутегі шикізаты мен мұнай бағасына әлі де біраз уақыт тәуелді болатынын біз жақсы түсінеміз.

Сол себепті, біз қазір Энергетика министрлігімен бірлесіп көмірсутегі шикізатының жаңа кен орындарын барлау және іске қосу, «ҚазАтомөнеркәсіп» Ұлттық компаниясымен уранды тереңдетіп өңдеу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету мәселелерін шешумен айналысудамыз. Мұнсыз біз аймақтың тұрақты экономикалық дамуын қамтамасыз ете алмаймыз. Өйткені, шикізат секторының рөлі (мұнай, уран) біздің аймақ үшін әлі де ұзақ уақыт үлкен маңызға ие болып қала береді. Бұл –бұлтартпас факт.

Соған қарамастан, біз жыл басында міндетімізге алған бірқатар маңызды көрсеткіштер бойынша оң динамикалық нәтижелерге қол жеткіздік. Ал, олар жергілікті атқарушы органдардың ұйымдастырушылық жұмыстарына тікелей байланысты.

Атап айтқанда, өткен жылы өңдеу секторындағы өсім 15 пайызды құрады. Егер, ұзақмерзімді динамикаға көз жүгіртсек, мәселен, 2012 жылмен салыстырғанда облыстың шикізаттық емес өндіріс секторындағы өнім көлемі 52 пайызға өсті, осы кезеңде республика бойынша ол бар болғаны 4-ақ пайыз болды.

Өңдеу саласындағы еңбек өнімділігі 6 есеге дейін өсті (ҚР бойынша – 2,4 есе ғана), ал, өңдеу өнеркәсібінің жалпыөңірлік өнімі (ВРП) құрылымындағы үлесі осы жылдары 3,5 есеге өсті (2012 жылы 2,2 пайыздан 2016 жылғы 7,8 пайызға дейін).

Шикізаттық емес сектордың даму қарқыны бойынша біздің облыс республика аймақтарының арасында көшбасшылар қатарында. Өңдеу саласының озық қарқыны 2014 жылдың қыркүйегінде басталған болатын.

Индустрияландыру картасы аясында жүзеге асырылған 27 жобаның бүгінде 21-і өнім өндіруде. Бұл – жақсы көрсеткіш. Жаңа кәсіпорындарда бүгінгі күні мыңнан аса адам еңбек етуде.

Өкінішке қарай, жобаларды жүзеге асыру туралы шешім қабылдар кезеңде барлық тәуекелді ескеру қиын. Сондықтан, Карта шеңберінде жүзеге асырылған 6 жоба бойынша оларды жоспарлы қуатына жеткізу үшін дербес жұмыс жүргізудеміз.

Мысалы, біз Жалағаштағы мия тамырын өңдеу жобасы бойынша инвесторды алмастырдық. Жаңа инвестор жаңа қондырғыларды алып келді. Біз зауытқа шикізатпен көмектестік. Нәтижесінде 2017 жылдың қаңтарында алғашқы 20 тонна өнімді экспортқа (ҚХР) жібердік.

Сонымен бірге, мемлекет пен бизнестің ауқымды қаржыларын текке жұмсамау үшін 2016 жылы біз жобаларға сұрыптау жүргізіп, индустрияландыру идеясына сәйкес келмейтін жобаларды Картадан алып тастадық. Енді сол Картада қалдырылған жобалардың сапасын арттыру күн тәртібінде тұр.

Сонымен қатар, шикізат секторына тәуелділікті азайту мақсатында біз бәсекеге қабілетті, экспортқа бағытталған жаңа өндірістер құру бойынша жұмысты жалғастырудамыз. Бұл тапсырманы Мемлекет басшысы өзінің «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты биылғы Жолдауында біздің алдымызға қойып отыр.

Мәселен, салынып жатқан шыны зауытына қазірдің өзінде қондырғылардың 90 пайыздан астамы жеткізілді. Ағымдағы жылдың қазан айында оны іске қосуды жоспарлап отырмыз.

Ол өз кезегінде 300-ден астам адамды жұмыспен қамтамасыз етеді.

«Баласауысқандық» ванадий кен орнында тәжірибелік-өндірістік зерттеулер аяқталды. 2016 жылы кәсіпорын метаванадат аммоний мен ванадий тотығын Тайвань мен Ресейге экспорттай бастады. Метаванадат аммонийдің сынама топтамасы АҚШ-қа да жіберілді. Енді басқа да елдер нарығына шығару жолдары қарастырылуда.

Мұнан бөлек, 2016 жылдың қарашасында сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени байланыс жөніндегі үкіметаралық комиссияда британиялық компания қара тақтатасты автоклавты өңдеу бойынша осы аталған инвестициялық жобаны жүзеге асыруға ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Жобаның II және III кезеңін 125 млн доллар көлемінде қаржыландыру туралы шешім қабылданды.

2-бет

Кеше облысқа жұмыс сапары барысында ҚР Энергетика министрі Қанат Бозымбаев, «Қазатомөнеркәсіп ҰАК» АҚ басқармасының төрағасы Аскар Жұмағалиев және облыс әкімі Қырымбек Көшербаев аймақ әлеуетін көтеруге бағытталған бірқатар жобаның таныстырылымына қатысты.

ІЛКІМДІ ЖОБАЛАР ІЛГЕРІЛЕТЕДІ

Олардың қатарында мемлекеттік «Нұрлы жол» бағдарламасының 2015-2017 жылдары жүзеге асырылуы, Қызылорда қаласының жылумен және сумен жабдықтау жүйесін жаңғырту, сонымен қатар елді мекендерді газдандыруға қатысты жобалар бар. Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Медет Усаинның айтуынша, өткен жылы «Нұрлы жол» бағдарламасы шеңберінде ауызсу жүйелерін жаңғыртуға арналған 5 жобаның құрылысы басталды.

Арал, Қазалы, Қармақшы аудандары мен Қызылорда қаласында қолға алынған жобаларға 5 723,8 млн теңге бөлінді. Нәтижесінде жыл соңына дейін 386,8 шақырым су құбырлары қайта жаңартылады. Биыл Арал, Қармақшы, Жаңақорған аудандары мен Қызылорда қаласында су жүйелерін қайта жаңарту үшін 36 жобаны жүзеге асыруға 5 787,0 млн теңге бөлінді. Жұмыс 2018 жылдың соңына қарай аяқталып, 401,6 шақырым су жүйелері қайта жаңартылмақ.

Мәртебелі меймандар сондай-ақ облыс орталығын жылумен қамту бағытындағы жобалармен таныстық. 2016-2017 жылдары ұзындығы 11,86 шақырым болатын жылу жүйелерін жаңғырту жоспарланған. Қызылорда газ турбиналық электр стансасындағы екі газ турбинасын жөндеу электр энергиясын шығару көлемін сақтауға мүмкіндік береді. Жалпы құны 37,3 млн долларды құрайтын жобаның бір бөлігін «Еуропалық қайта құру және даму банкі» қаржыландырады.

Аймақтағы әлеуметтік нысандар және тұрғын үй құрылысында атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттер жөнінде меймандарға облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Мұхамедиса Әлсеріков баяндады. Әлеуметтік нысандар құрылысының қарқынды бөлігі білім беру және денсаулық сақтау салаларына тиесілі. Жыл өткен сайын тұрғын үй кезегі жылжуда. Бұған соңғы 3 жылда тұрғын үй құрылысы көлемінің облыста – 3,5 есе, облыс орталығында 8 есеге өскені септігін тигізіп отыр.

Н.САНИЯЗОВА.

ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУШЫЛАРМЕН ЖҮЗДЕСУ

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаев, ҚР Энергетика министрі Қанат Бозымбаев, «Қазатомөнеркәсіп ҰАК» АҚ басқарма төрағасы Асқар Жұмағалиев жер қойнауын пайдаланушылармен кездесіп, саладағы бірқатар мәселелерді талқылады. Күн тәртібіне өңірдің мұнай-газ секторындағы жағдай, уран өндірісінің ахуалы, жергілікті мазмұнды дамыту туралы мәселелер енгізілген.

Ең алдымен аймақ басшысы соңғы жылдардағы мұнай өндірісінің қысқаруынан туындаған жағдайға тоқталды. Проблеманың ең күрделісі – мұнай сервистік компанияларда жұмыс істейтін азаматтардың жайы. Мұндайда жұмыс көлемін жергілікті сервистік компаниялардың атқаруы маңызды. Әрине, оларға қойылатын талаптар бар, әйткенмен, жұмысты сапалы, кәсіби тұрғыда орындайтын компаниялар да жеткілікті.

Соңғы жылдары өңір экономикасын әртараптандыру қарқынды жүзеге асуда. Бүгінде басым бағыт берілген металлургия, көлік логистикасы, агроөнеркәсіп, шағын кәсіпкерлік салаларының көрсеткіштері жоғарылап келеді. Қалыптасқан жағдайда мұнай-газ компанияларының басшылары жаңа басымдықтарды іздеп, тың технологияларды енгізуі керек. Жақында қымбаттаған бензин бағасының әлеуметтік тауарлар мен қызметтердің құнына әсер етуі мүмкін. Мысалы, Оралда іске қосылған мотор майлары өндірісі зауыты мұнай өнімдерінің бағасын тұрақтандыруға септігін тигізді. Мұндай зауытты біздің облыста да салу үшін жоба жасалды.

Жиында ҚР Энергетика министрі Қ.Бозымбаев еліміздегі мұнай өндірушілердің төрттігінде тұрған аймақ – Сыр өңіріндегі жер қойнауын пайдаланушыларды қолдау шараларын атап өтті. Мұнай өндіру көлемінің қысқаруына байланысты соңғы жылдары қызылордалық мұнай компаниялары да салық жеңілдіктеріне ие болған.

Министр Елбасы Жолдауында айтылған экономикалық өсімнің тұрақтылығы үшін сақталуы тиіс мұнай-газ кешендерінің стратегиялық маңызына назар аударды. Жолдауда әлемдік сұраныс бәсеңдегеніне қарамастан, жаңа нарықтарға шығып, өнім жеткізу аумағын кеңейту туралы тапсырма берілген. Сонымен бірге минералдық-шикізаттық базаны кеңейту, геологиялық барлау жұмыстарын белсенді жүргізу жүктелген. Саланы одан әрі дамыту үшін шикізатты кешенді түрде қайта өңдеу қолға алынуы тиіс. Министр Жер қойнауы туралы жаңа кодексті қабылдап, салық заңнамаларына өзгерістер, мұнай және газ өндіруге жаңа технологияларды енгізу жұмыстарының барысына тоқталды. Әлемдік мұнай нарығындағы ахуалды баяндады.

Жиында жер қойнауын пайдаланушылар өздерін толғандырған сауалдарын қойып, тиісті жауап алды.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

АЙМАҚТЫҢ АЛЫМДЫ АСУЫ –

Кен орындарын қалпына келтіру жұмыстарын аяқтап, «Шалқия» қорғасын-мырыш кен орнында тау-кен байыту комбинаты мен газтурбиналық электрстанциясын салуды бастаймыз. Барлық мәселелері шешілді, бұл жобаны жүзеге асыру үшін Еуропалық Банк арқылы реконструкциялау және дамытуға несие алу мақұлданды.

Ферроқорытпа зауыты бойынша күрделі жұмыстар жалғасуда. Жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі дайындалып, инфрақұрылымдары тартылды.

Ел Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның тәжірибелік-сынамалық жұмыстарды аяқтауға байланысты шешімін күтіп отырмыз.

2016 жылдың 23 тамызында Варшава қаласында аталған жобаны жүзеге асыру бойынша поляк компаниясымен ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Сонымен бірге, Польшаның Ұлттық банкі жобаға шамамен 300 млн АҚШ доллары көлемінде инвестиция салуға дайын екенін растады.

2016 жылы біз екі бірдей цемент зауыттарының құрылысын бастадық: Жаңақорған ауданында құрылыс цементі өндірісі және Шиелі ауданында тампонажды цемент өндірісі бойынша. Бұл екі жоба бойынша инвестицияның көлемі 74 млрд теңгені құрайды.

Оларды жүзеге асыру шамамен 400 жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді. Зауыттарды 2018 жылдың басында іске қосу жоспарланған.

Арал қаласында «Аралтұз» акционерлік қоғамымен қуаттылығы 300 тонналық кальцийлендірілген сода зауытының құрылыс жобасын жүзеге асыруға «Қазақстан Даму банкі» арқылы қаржыландыру мәселелері шешілді. Бұл еліміздің барлық қажеттіліктерінің 75 пайызын өтейтін республикадағы бірден-бір заманауи кальцийлендірілген сода шығаратын зауыт болмақ.

Айтқандай, Индустрияландыру картасы аясында өндіріске испан цехының іске қосылуы нәтижесінде «Аралтұз» бүгінгі таңда өз өнімінің 60 пайызын шет елге экспорттауда. Соңғы екі жылдың өзінде зауыт Ресейдің ас тұзы нарығының 12 пайызын иеленді.

Ал, 2016 жылы кәсіпорын ас және техникалық тұз шығаратын екінші цехты іске қосты. Нәтижесінде, құрғақтылығы нөлдік ас тұзын өндіру көлемі жеті есе ұлғайды. Шығарылатын өнімдердің түрі көбейді және қосымша 200-ден астам жұмыс орны құрылуда.

Таяу күндері Қызылорда қаласының индустрияландыру аймағында үшоксидтік молибден өндірісі бойынша («Тримо» ЖШС) кәсіпорын жұмысын бастайды. Кәсіпорынның өнімдері атом энергетикасы мен авиациялық-ғарыштық техникада, микро және оптоэлектроникада пайдаланылады. Осы орайда, өнімдерді Жапонияға да экспорттауды реттестіруді жоспарлап отырмыз.

Облысқа инвесторлар тарту үшін, сонымен бірге, өзара пайдалы қарым-қатынасты дамыту бағытында біз жыл сайынғы Инвестициялық форумдарды өткізу тәжірибесін жалғастыратын боламыз. Оған қоса, 2016 жылы біз алғаш рет халықаралық интернет форумын өткіздік. Қазіргі заманда бұл уақытты үнемдейтін тиімді формат.

Тұрақты даму тенденциясы агроөнеркәсіп секторында да байқалады. 2016 жылы ауыл шаруашылығы саласында негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 2015 жылмен салыстырғанда 2 еседен артық өсті.

Егер естеріңізде болса, 2015 жылы инвестицияның өсу қарқыны өте жоғары болды, 2014 жылдың деңгейінен 11 есеге асып түскен еді. Осыған қарап-ақ, 2016 жылдың ауқымын бағалауға болады.

Әрине, мұның бәрі өзінің жемісін беруде. Нәтижесінде біз бірнеше жыл қатарынан ауыл шаруашылығында өндірістің өсу қарқынын айқын көріп отырмыз. 2016 жылы ол 7,3 пайызға артты.

Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы мерейлі мерекесі қарсаңында Сыр күріштілері ел тарихында күріштің әр гектарынан 56 центнер, ал, жекелеген шаруашылықтар 80 центнерге дейін өнім жинап, рекордтық көрсеткішке қол жеткізді. Бүгінгі таңда күріштің өнімділігі 1991 жылғы көрсеткіштерден төрттен бір бөліктен (27 пайыздан) астам жоғары.

Бұл жетістікті Мемлекет басшысы да жоғары бағалап, біздің дикандарымызға арнайы құттықтауын жолдады.

Сыр өңірінің осындай жетістікке жетуіне аянбай үлес қосқан Сыр күрішшілеріне шынайы алғысымды білдіруге рұқсат етіңіздер.

Соңғы 3 жылда күріштің жалпы жиынтық өнімі үштен бір бөлікке көбейді (32 пайыз), бұған дақыл көлемін ұлғайтудан емес, қайта күріш сорттарының өнімділігін арттыру есебінен қол жетіп отыр.

Егістікті әртараптандыру жұмыстары да белсенді жүргізілуде. 2016 жылы күріш егісінің көлемі 4 мың гектарға қысқартылса, оның есесіне бидай (3,7 мың гектарға), жоңышқа (780 гектарға), бақша (760 гектарға), картоп (570 гектарға), көкөніс (215 гектарға) алқаптары ұлғайтылды. Үстіміздегі жылы бұл жұмыстарды жалғастыратын боламыз.

Біз облыс тарихында алғаш рет ауыл шаруашылығы өнімдерін тарату нарығына кешенді маркетингтік зерттеулер жүргізіп

1-бет

және оны аграрлық сектордың мүмкіндік әлеуеттерімен байланыстырдық. Облыста ауыл шаруашылығын дамытудың 2020 жылға дейінгі Агрокартасында негізгі міндет ретінде экспорттық әлеуетті арттыру айқындалып, өнімдерді тарату нарығын кеңейту арқылы Парсы шығанағы елдеріне (Иран, Біріккен Араб Әмірліктері), Орталық Азияға (Қытай) және Шығыс Еуропаға шығу көзделген.

Бұл Мемлекет басшысының тапсырмасымен қабылданған Агроөнеркәсіп кешенін дамытудың жаңа мемлекеттік бағдарламасындағы (2021 жылға дейін) нарықта бәсекеге қабілетті өнімдерді шығаруға сұранысты ынталандыру мақсатына толық сай келеді.

Алғашқы кезекте біз негізгі дақылымыз – күріш үшін жаңа нарықтарды игере бастадық. Қазір Қытайға 20 мың тонна күріш жөнелту бойынша келіссөздер жүргізілуде, Түркия мен Англияға күріш өткізу мәселелері қарастырылуда.

Эмбарго алынғаннан кейін бізге Иранның үлкен рыногына жол ашылды. Бұл мемлекет жыл сайын 5 млн тоннаға дейін күріш тұтынады, оның тең жартысын сырттан тасымалдайды. Осы нарықты игеру мақсатында 2016 жылы Иран елінде үлкен сұранысқа ие «Тором Хошеми» күріш сортын тәжірибелік негізде өсірдік, өнімділігі мен сапасы бойынша жақсы нәтижелерге қол жеткіздік.

Бұл нәтижелерді көрген Иран кәсіпкерлері бізден күріш сатып алатын болды, тіпті өндірісті қаржыландыруға әзір екендерін білдірді. Бұл жөнінде біз 1 ақпанда Мазендеран провинциясының басшылығымен болған кездесу барысында келісімге келдік.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу жұмыстарына да үлкен мән беріп отырмыз.

Өткен жылы Шиелі ауданында қуаттылығы тәулігіне 400 литр шұбат өндіретін цех іске қосылды.

Қызылорда қаласында жартылай фабрикат ет өнімдерінің фабрикасы, ал, Сырдария ауданында жылына 250 тонна өнім шығаратын ет комбинаты бар 10 мың бас қозы өсіретін кешен салынды.

Бүгінгі таңда тұтынатын құс етінің барлық көлемін облыстан тыс жерден әкелетінімізді ескеріп, импортты ауыстыру мәселесіндегі жұмыстарды белсенді жүргізе бастадық.

Құс еті өндірісіндегі жобаларды жүзеге асырушыларды ынталандыра бастадық. Республикалық инвестициялық орталық қаржысы есебінен Сырдария ауданында үйрек пен қаз өсіретін құс фермасының жобасын несиелендірдік (қазірдің өзінде осы фермада 10 мың бастан астам құс өсірілуде).

Облыстың аграрлық секторы шетелдік инвесторлар үшін де қолайлы бола түсуде. Сондай бірлескен жобалардың бірі – 2018 жылы Жаңақорған ауданында томат пастасын шығаратын зауытты іске қосу жоспарлануда.

Жаңақорған ауданында жылына 100 мың тонна кешенді минералдық тыңайтқыштар өндіретін зауыт құрылысын бастау жоспарланып отыр. Ал, Арал ауданында түйе сүтін өңдеу зауыты салынбақ. Қазір бұл жобалар шетелдік инвесторлармен бірге әзірлену үстінде.

Бақша дақылдары өнеркәсібі өндірісін қалпына келтірудеміз. Көп жылдардан кейін, алғаш рет 2016 жылы біздің қауындарымыз Ресей мен Қырғызстанға экспорттала бастады. Биылғы жылы бақша дақылдарының көлемін одан әрі ұлғайтуды жоспарлап отырмыз.

2016 жылы біз ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативтерін құру бойынша жұмыстарды белсенді жүргіздік. Осы орайда, Мемлекет басшысы өзінің ағымдағы жылғы 31 қаңтардағы Жолдауында 5 жыл көлемінде кооперативтерге біріктірілген 500 мыңнан астам отбасы шаруашылығы мен шағын фермерлікті құруға жағдай жасау жөнінде міндет қойды.

Өткен жылы облыста құрылған 133 ауыл шаруашылығы кооперативтері өзінің қатарына 700-ден астам шағын тауар өндіруші өндірісті біріктірді. Үстіміздегі жылы тағы 500 шағын тауар өндірушілерді кооперативтерге біріктіруді бұл өзін-өзі жұмыспен қамтығандар. Ал, олардың үштен екісі ауылдық жерлерде тұрады.

2018 жылдың қаңтарынан бастап міндетті медициналық сақтандырудың жаңа жүйесінің енгізілуі ерекше маңызға ие болғалы тұр. Жұмыс істеуші азаматтарға қатысты барлығы түсінікті болса (олардың жарна төлеуінің тұрақты көзі бар), ал, өзін-өзі қамтыған тұрғындар бұл істі өздері үшін жасаулары тиіс.

Тұрақты табысы жоқ адам салық органдарына кәсіпкер ретінде тіркелуге бармайтыны анық. Демек, ол жұмыссыздар қатарын толықтыруы мүмкін немесе жүйенің қосымша көмегімен қамтылмай қалады деген қауіп бар.

Біздің міндетіміз – осындай азаматтарды жұмыспен қамтамасыз ету және табыс табуына жағдай туғызу.

Осыған байланысты, облыс әкімінің орынбасарлары Қ.Д.Ысқақовқа, Е.Г.Кимге, облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысы Н.Өмірсерікұлына, облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы А.Алдажаровқа, аудан және Қызылорда қаласы әкімдеріне осы бағытта нақты шараларды қабылдауды тапсырамын.

Өзін-өзі қамтыған және жұмыссыз тұрғындарды шағын бизнес қатарына тарту биылғы жылы алдымызға қойып отырған негізгі міндеттердің бірі болмақ. Бұл міндетті Мемлекет басшысының өзі де біздің алдымызға қойып отыр. Өйткені, шағын бизнес әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етіп, экономиканың тұрақталуына да жол ашады.

Сол себепті, 2016 жылы шағын несиелендіруге бағытталған қаржы көлемін 2015 жылмен салыстырғанда 2,5 есеге (2,5 млрд теңге) арттырдық. Шағын және орта бизнесті қолдауға, оның ішінде агрооңеркәсіп саласына барлық көздердің есебінен 16 млрд. теңгеден астам қаржы бөлінді. Бұл 2015 жылмен салыстырғанда бір жарым есеге артық.

Мемлекет пен бизнес бір-бірімен тығыз байланысты. Күрделі жағдайларда мемлекет бизнеске қол ұшын созса, бизнес те өз кезегінде мемлекетке көмектеседі.

Соның арқасында бүгінде біздің облысымызда өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайының жақсаруына септігін тигізіп отырған 5 мыңға жуық шағын және орта бизнес құрылымдары жұмыс істесе, одан бөлек 33 мыңнан астам жеке кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтары бар. Бұл секторда аймақтың экономикалық белсенді тұрғындарының үштен бір бөлігін құрайтын 100 мыңға жуық адам еңбек етуде.

Жаңа жұмыс орындары артуының басым бөлігін осы шағын және орта бизнес құрылымдары қамтамасыз етіп отыр десем, менімен келісетін боларсыздар. Тиімді кәсіпкерлік жүйесі болмаса, экономиканың болашағы да жоқ, өйткені, орта тап – қоғам тұрақтылығының іргетасы.

Шағын және орта бизнес – өзінің икемділігінің арқасында тіпті дағдарыс кезінде де кез келген жағдайға бейімделіп, осылайша, елдегі жағдайды өзгерте алатын кәсіпкерлік қауымдастықтың бір бөлігі. Дәл осы себепті Мемлекет басшысы еліміздегі кәсіпкерлікті дамытуға айрықша көңіл бөлуде.

Сондықтан, біз биылғы жылы да кәсіпкерлікті дамытуға айрықша қолдау көрсететін боламыз.

Өткен жылғы жұмыстарымыздың негізгі бағыттарының бірі – суармалы жерлердің су шаруашылығы инфрақұрылымын қалпына келтіру болды. Мемлекет басшысының өзі алдағы бес жыл көлемінде елімізде ең кем дегенде 600 мың га суармалы жерді айналымға шығару, жерді пайдаланудың тиімділігін арттыру міндетін қойып отыр.

Бұл туралы біз ҚР Премьер-министрінің 2016 жылғы шілде айында облысымызға сапары кезінде Қамбашта суармалы жердің су шаруашылығы инфрақұрылымын қалпына келтіру жөніндегі арнайы республикалық мәжілісте қараған болатынбыз.

Бүгінгі күні Қызылорда облысында 60 мың га суармалы жер пайдаланылмайды. Бұл – өңірдегі ирригация мен дренаж инфрақұрылымының тозуы салдарынан айналымнан шыққан суармалы жердің төрттен бірі.

Біздің аймақ Сырдария өзенінің төменгі бөлігінде орналасқандықтан мәселе жоғары орналасқан көрші мемлекеттердің шешіміне толық тәуелді екенін ескерсек, ирригациялық және дренаждық жүйелерін жаңғырту стратегиялық маңыз алады.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің бастамасы бойынша жүзеге асырылатын «Ирригациялық және дренаждық жүйені» жетілдіру жобасының екінші фазасы шеңберінде Жалағаш ауданындағы 15 мың га суармалы жерді қалпына келтіру жоспарлануда. Қазіргі таңда жобалық аймақта іздестіру және жобалау жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен бірге ирригациялық және дренаждық жүйені жетілдіру жөніндегі жобаның үшінші фазасына облысымыздан тағы да 144 мың га жерді қосу мәселесін көтерудеміз. Сондай-ақ, 29 мың га суармалы жерді қалпына келтіру жөніндегі жобаны жүзеге асыру үшін Ислам даму банкімен жұмыс жүргізудеміз.

Шиелі ауданының Күмісқоған шатқалындағы сыйымдылығы 600 млн текше метр көлемінде су жиналатын жаңа су қоймасы құрылысының жобасын әзірлеуді қатар бастадық.

Бұл – өте маңызды жоба. Су қоймасы салынғаннан кейін Қызылорда қаласы мен Сырдария, Жалағаш және Қармақшы аудандарының 110 мың гектар суармалы жерлерін қамтамасыз ететін болады. Енді оны қаржыландыру үшін белсенді жұмыс жасауымыз қажет.

Мемлекет басшысының бастамасы болып табылатын «САРАТС» бірегей жобасының бірінші кезеңінің іске қосылуы арқасында балық шаруашылығы даму үстінде.

Міне, екі жылдан бері Арал ауданындағы Қамбаш көлінің жағалауында балықшылар слетін өткізіп келеміз. 2016 жылы өңірдің балық саласы өкілдері салтанатты шараны ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арнады. Осы жылдары аймақтың балық шаруашылығы қарқынды дамығаны бұған дәлел бола алады.

Тек соңғы төрт жылда ғана балық өндіру көлемі 65 пайызға өссе, оны өңдеу 2,5 есе, ал, балық өнімдерін экспорттау 3 есеге артты.

2016 жылдың қаңтар айында «Байқоңыр» ӘКК қатысуымен Арал ауданының Қарашалаң елді мекенінен жылына қуаттылығы 900 тонна болатын балықты сервистік-дайындау орталығы пайдалануға берілді. Ал, жақында біздің кәсіпкерлеріміздің бірі (Ерхатов Аманбай) ресейлік әріптестерімен бірігіп, Ульянов облысынан балық өңдейтін зауыт салып, ол бүгінде Ресей нарығында белсенді жұмыс жасауда.

Біз, әрине, «САРАТС» жобасының екінші кезеңіне үлкен үміт артамыз. Сондықтан, Үкіметпен бірлесіп осы фазаны тездетіп жүзеге асыруға жұмыс жасаудамыз.

Үстіміздегі жылдың ақпан айында Шымкент қаласында қазақ-өзбек жұмыс тобының екінші мәжілісі өтуі тиіс, сонда өзбек жағынан Дүниежүзілік банк арқылы екінші фазаның жобасы мәселесін келісуге шешім қабылданады деп күтілуде.

Тұрғындардың әлеуметтік ахуалына айтарлықтай әсері бар маңызды фактордың бірі – баға. Бұл мәселені, әсіресе, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары тобының бағасын ерекше бақылауда ұстап келеміз.

Нәтижесінде, ырыққа көнбейтін инфляцияға қарамастан, негізгі азық-түлік өнімдерінің бағасы мен өсу қарқыны республиканың өзге аймақтарына қарағанда төмен деңгейде сақталуда.

Айлық жалақының мерзімінде төлену мәселесі де айрықша бақылауда. Еңбекақыға қарыздың басым бөлігі «тікелей басқару» арқылы шегерілуде. 2016 жылы облыстағы 54 кәсіпорынның 900 млн теңгеден астам жалақыға қарызы өтелді (5600 жұмысшы).

Бұдан басқа, бірнеше жылдан бері біздің жұмыстармыздың ең маңызды бағытталарының бірі жұмысшыларды жаппай босатуды алдын ала ескерту болып келеді. Барлық ірі кәсіпорындармен жасалған Меморандумдарда жұмыс орындарын сақтау жөнінде талап қойылуда.

Әрине, бірқатар кәсіпорындар экономикалық тығырыққа тап болуына байланысты жұмысшыларын қысқартуға мәжбүр. 2016 жылы қысқарғандар саны 503 адамға тең. Бірақ, бұл көрсеткіш бұдан да көп болуы мүмкін еді.

Десек те, осы кезеңде экономика салаларында бір жылда 11 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылса, оның 10 мыңға жуығы – тұрақты жұмыс орындары.

Нәтижесінде, жұмыссыздық деңгейін тек қана ұстап тұрмай, оны 2016 жылдың басындағы 5 пайыздан 4,9 пайызға төмендетуге қол жетті.

Бұл көрсеткішті биыл да сақтаймыз деген ойдамыз. 2017 жылы 9500-ден кем емес тұрақты жұмыс орнын ашу міндетін алға қойып отырмыз.

«Нұрлы жол» бағдарламасының арқасында 2016 жылы жұмыс орындарын сақтап қана қоймай, жаңадан жұмыс орындарын ашуға, әсіресе, құрылыс секторында, қол жеткіздік. Ел Президентінің тапсырмасымен әзірленген «Нұрлы жол» бағдарламасы дағдарысқа қарсы тиімді құрал болып табылды. Соның арқасында инвестиция тартылып, жаңа жұмыс орындары құрылды.

Тек тұрғын үй құрылысын қарқынды дамыту арқасында, басқа саладағыларды есепке алмағанда, құрылыс саласының өзінде ғана 18 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылған.

2016 жылы қаржыландырудың барлық көздерінің есебінен 500 мың шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұл – 2015 жылдың тиісті мерзімімен салыстырғанда 17 пайызға артық деген сөз.

Мемлекеттік қаржыландырудың есебінен ғана 2016 жылы 36 көпқабатты үй пайдалануға беріліп, 1864 отбасы жаңа тұрғын үйге қол жеткізді.

Өткен жылы Қызылорда қаласында барлығы 80 көпқабатты үй салынды. Ондағы 4000 пәтер 2015 жылдағыдан 2 есеге көп.

Мұндай тұрғын үй құрылысының серпілісі бұрын-соңды бізде болған емес!

Сондықтан Сыр құрылысшыларының күндіз-түні ыстық-суыққа қарамастан, атқарып жатқан орасан зор еңбектеріне арнайы алғысымызды білдірейік!

ЖАҢАШЫЛДЫҚТЫҢ ЖАРҚЫН ЖЕМІСІ

Биылғы жылы ауқымды жұмыстар жеке тұрғын үйлер құрылысына қажетті алаңдарды әзірлеуге де бет бұрып, өрістеуде. Бұл мақсатқа өткен жылы 17 млрд теңгеден астам қаржы бағытталды. Бұдан басқа, көп жылдардан бері алғаш рет аудандарға да 5 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді.

Инженерлік - коммуникациялық инфрақұрылымның құрылысын ауқымды түрде жүргізу тұрғын үй құрылысының жандануына әкеледі.

Мәселен, былтыр облыс орталығында 980 га аумақты алып жатқан «Бәйтерек» жаңа шағын ауданы ашылды. Онда 6600 жеке жер телімдерінде 36 мыңнан астам халық тұратын болады. Бұл дегеніміз – Жалағаш ауданының халқымен бірдей көрсеткіш. Яғни, толыққанды кішігірім қалашыққа айналады деген сөз!

Айтқандай, соңғы үш жылда облыс орталығында тиімді тұрғын үй бағдарламасының арқасында 11 шағын аудан бой көтерді.

Мұнан бөлек, «Қызылорда-Жезқазған» тас жолының бойында 150 га жер телімінің жұмыс жоспары дайын тұр. Келесі кезеңде осы аумақтың инженерлік инфрақұрылымын жүргізуді бастаймыз. Бұл жұмыстар барысында тағы да қосымша 1200 жер телімін бөлуге мүмкіндік туады.

Осындай жұмыстар облыстың барлық аудандарында да жүргізілуде. Мысалға, жаңа жыл басында Жосалы кентінде барлық 1400 өтініш иесі инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген жер телімдеріне ие болды.

Жергілікті бюджет қаражаты есебінен көпқабатты апатты үйлер мәселесін де шешетін боламыз (38 үй, 503 пәтер). Былтыр апатты үйлерде тұрған 324 отбасына жаңа пәтер берілді. Осылайша, бүгінде біз апатты пәтерлердің 60 пайызға жуығының мәселесін шештік (қалғаны – 32 үй, 179 пәтер). 2017 жылы бюджет мүмкіндігіне қарай бұл жұмысты жалғастыратын боламыз.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық тақырыбын жалғастыра отырып, газдандыру мәселесіне тоқталмасақ болмайды. Былтыр халықпен кездесулерімде бұл тақырып жайында біраз айтылған. Бүгінгі таңда да өзектілігін жойған жоқ. Жағдайды түсіндірейін.

Өздеріңізге белгілі, алдыңғы жылдары «ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамымен бірлесе 25 млрд теңге көлеміндегі Қызылорда қаласын, 4 аудан орталығын газбен қамтамасыз ету, Байқоңыр қаласына газ тарту жұмыстарын жүргіздік. Былтыр біз қалған 3 аудан орталығы мен Қызылорда қаласындағы кейбір газ тартылмаған аймақтарды газдандыруды мақсат етіп қойдық.

Жобаның жалпы құны 11,7 млрд теңгені құрайды.

Біз мәселені шешудің бірнеше мүмкіндіктерін қарастырдық: «ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамы қаржысы есебінен газдандыру және жобаны бюджет қаржысы есебінен жүзеге асыру.

Өкінішке қарай, елді мекендерді «ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамы арқылы газдандырудан бас тартуға тура келді. Өйткені, бұл инвестициялық жоба болғандықтан «ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамына шығындарын қайтару үшін газ тарифін, яғни, 1000 м3 үшін 17000-нан 34000 теңгеге көтеру қажет болар еді. Бұл өз ретінде тұрғындарға да, бюджеттік және коммерциялық ұйымдарға да қосымша қаржылық қиындықтар тудыратын болды.

Сондықтан, жобаны бюджет қаражаты есебінен жүзеге асыру туралы шешім қабылданды. Жергілікті бюджеттің мүмкіндіктері шектеулі болғандықтан, осы мақсатқа қаражатты республикалық бюджеттен тартуды жөн деп шештік. Енді, Құрметті Қанат Алдабергенұлы, Энергетика министрлігінің қолдауын күтудеміз.

Сонымен бірге, өзіміздегі ақпаратқа сәйкес, Энергетика министрлігі 2017 жылдың соңына қарай «Сарыарқа» магистральді газ құбырының құрылысын бастауды қарастыруда. «Қараөзек» елді мекенінің жанындағы «Бейнеу-Бозой Шымкент» магистральді газ құбырынан жалғасатын газ Қарағанды, Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстарын және Астана қаласын газбен қамтуға тартылуы тиіс.

Бұл – біздер үшін аса көлемді инвестиция, құрылыс жұмыстары, демек, жаңа жұмыс орындары мен жергілікті бюджетке түсер қосымша салық көздері деген сөз.

Енді әлеуметтік жағдай туралы.

Төртінші жыл қатарынан білім сапасын көтеруге жүргізіліп жатқан жұмыстар өз нәтижесін беруде (егер естеріңізде болса, оны жиырма жеті мектеп директорларын жұмыстан босатудан бастауға мәжбүр болғандарымызды білесіздер).

Нәтиже – бұл, ҰБТ-ның орташа көрсеткішінің жыл сайынғы өсуі. 2016 жылы облыс бойынша орташа балл (82,7) республикалық орташа балдан да (81,2) жоғары көрсеткіш көрсетті.

143 түлек «Алтын белгі» алды, бұл да өткен жылғыдан жоғары (2015 жылы – 139 түлек).

Соңғы үш жылда біз мақсатты түрде мектеп бітірушілерімізді Ресейдің және отандық үздік ЖОО-ға, колледждерге оқуға жібердік.

Бүгінде 400-ге жуық түлегіміз, соның ішінде 2016 жылдың 110 түлегі Ресей Федерациясының гранты есебінен Ресейдің жетекші техникалық жоғары оқу орындарында білім алуда.

Сондай-ақ, 2016 жылы облыс әкімі гранты есебінен оқитын әлеуметтік жағдайы әлсіз, аз қамтамасыз етілген негізінен ауылдық отбасы балаларын 350-ден 500 адамға дейін көбейттік. Биылғы жылы да осы балаларды оқытуға облыс әкімінің грантын бөлуді жалғастыратын боламыз.

«Серпін» бағдарламасы бойынша грантқа қол жеткізуде облыстың балалары жыл сайын республикадағы үздік нәтижелердің бірін көрсетіп келеді. Осылайша, бүгінгі таңда ағымдағы жылғы мектеп бітіруші түлектердің 95 пайызы жоғары оқу орындары мен колледждерге оқуға түсті !

Оның тең жартысынан астамы жоғары оқу орындарында гранттық негізде білім алуда. Бұл – өте жақсы жетістік!

Елбасы тапсырмасы бойынша 2017 жылдың қыркүйек айынан бастап тегін кәсіптік-техникалық білім жобасы іске асатын болады.

Осыған орай, нарық сұранысын ескере отырып, мамандарды тегін дайындауға кем дегенде 1500 мектеп бітірушіні, өзін-өзі жұмыспен қамтыған және жұмыссыз азаматтар қатарынан 1300 адамды тартатын боламыз.

Бұған қоса, облысымызда құрылатын жаңа өндірістер есебінен экономиканың перспективалы секторлары үшін кадрлар дайындауға басымдық берілетін болады.

Білім саласында үш ауысымдық мектептердің мәселесі шешімін тапты. Сондықтан да 2016 жылы облыс әкімінің Дағдарысқа қарсы іс-қимыл жоспарының басым бағыттарының бірі ретінде (экономикалық күрделі ахуалға қарамастан) біз апаттық жағдайдағы мектептер мәселесін шешуді айқындадық.

Сіздер білесіздер, 2013 жылдың 1 қаңтарында апаттық жағдайдағы мектептер саны 37 болатын. Ал, 2016 жылы жергілікті бюджет есебінен соңғы 12 апаттық жағдайдағы мектептер құрылысын бастадық. Осы жылдың 25 мамырында біз оларды, бұйырса, бір күнде салтанатты түрде іске қосамыз.

Облыста мүмкіндігі шектеулі 6000-ға жуық бүлдіршін бар. Оның 2000-нан астамы Қызылорда қаласында тұрады.

Осы балаларды оңалту және әлеуметтендіру мақсатында Қызылорда қаласындағы №278 орта мектеп базасында «Психологиялық-педагогикалық түзету орталығы» ашылды. Бұл дамында ауытқуы бар балаларды сауықтыру көмегімен қамтуды ұлғайтуға, оған кезектілікті төмендетуге, қызмет көрсетудің ауқымын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Өздеріңіз білетіндей, біз 3-6 жас аралығындағы бүлдіршіндерді мектепке дейінгі тәрбиемен қамтамасыз етуді 100 пайызға орындадық. Мұнда мемлекеттік-жеке әріптестікті дамытудың үлесі бар. Бүгінгі күні балабақшалардың 70 пайыздан астамы мемлекеттік-жеке әріптестік негізінде жұмыс жасайды. Егер соңғы он жылда мемлекет 37 балабақша салса, соңғы үш жылда жеке сектор 380-нен астам балабақша салды. Айтқандай, Қызылорда облысының білім саласындағы мемлекеттік-жеке әріптестіктің оң тәжірибелерін Мемлекет басшысы биылғы өз Жолдауында атап өтті.

Біз 3 жасқа дейінгі балаларды балабақшалармен қамту жұмыстарын одан әрі жалғастырамыз (бұл санатта балаларды қамту облыста 5,5 пайыз, ал, республикада 16 пайызды құрайды).

Мемлекет басшысы 31 қаңтардағы Жолдауында «Білім беру жаңа экономикалық өсу моделінің орталық буыны болуы тиіс» деп тапсырма берген болатын. Демек, осы мақсатта жұмыс жүргізетін боламыз.

Біз "Ел болам десең, бесігіңді түзе" деген ұлы Мұхтар Әуезовтің даналық сөзін бағдар етіп, жас ұрпақ тәрбиесіне қатысты мәселені де назардан тыс қалдырған жоқпыз (оларды ұлттық құндылықтарымыз бен адамгершілік қасиеттерге баулу, қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу мақсатында 2016 жылы 3 394 түрлі форматтағы көпшілік-мәдени шаралар, кездесулер, конференциялар мен семинарлар, дөңгелек үстел отырыстары өткізілді).

Тәрбиесіз берілген жалаң білім, ұлы Абай айтқандай, "кемел адамды" қалыптастыра алмайды.

Өкінішке қарай, біз өтпелі кезеңде, өскелең ұрпаққа тәрбие беру жұмысын жаңарту, оны заман талабына лайықтап, мемлекет пен қоғам мүддесімен ұштастыруды назардан мүлде тыс қалдырдық.

Міне, сол себепті де, өткен жылғы тамыз кеңесінде біз жұмысымыздың басты бағытының бірі ретінде тәрбие беру мәселесін алға қойдық.

Дәл осы ұлт тәрбиесі мәселесінде қазақтың халықтық қасиетінің қаймағы бұзылмаған біздің Сыр елінің республикаға көрсетер озық үлгісі мол болуы керек деп санаймын.

Біз әдетте, "Сыр – алаштың анасы" деген сөзді мақтанышпен айтамыз, көрнекті жерге жазып та

қойдық. Осы бір ұлы сөздің астарында Сыр тек қазақтың өсіп-өнген құт мекені ғана емес, ұлттың рухани уызға жарып, мәдени марқаюының да қайнар бұлағы болғанын көрсететін терең мағына жатыр.

Осы орайда, ұлы дарияның жағасында тұнып жатқан тарихи жәдігерлер, Қорқыт атадан басталатын даналар мен данышпандар ғибраты, Сыр сүлейлері мен ақын-жыраулар мұрасы, ортамызда жүрген көкірегі күмбірлеген қариялар мен өнегелі ұрпақ өрбіткен алтын алқалы аналар, тіпті, еңбек пен адамгершілікті жанына серік еткен қарапайым шаруа адамдары – барлығы тұнып тұрған тәрбиенің тұма бұлағы емес пе?! "Мәңгілік Елдің" рухани мәңгілігі де осы халық мұрасынан нәр алуы тиіс.

Өйткені, тәуелсіз Қазақстанды "Мәңгілік Ел" ететін – талапты да тәрбиелі, сезімі сергек, көкірегі ояу, жүрегі Отаным деп соғатын жаңа буын.

Осы мақсатта NEET санатындағы жастармен жұмыс жасау жөніндегі егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспары бекітілді.

Облыс орталығындағы ірі сауда орындарында («Асбол», «Сыбаға», «Сығанақ» базарлары) жыл он екі ай жұмыс жасайтын жастарға кеңес беру кабинеттерін ашу мүмкіндігі қарастырылуда.

Маргинал және өзін-өзі жұмыспен қамтыған жастардың Қызылорда қаласындағы спорттық алаңдар мен нысандарда спортпен шұғылдануына жағдай жасау жұмыстары ұйымдастырылуда.

Біздің бұл ұстанымымызды және тиісті ұсыныстарымызды Білім және ғылым, Дін істері және азаматтық қоғам, Ақпарат және коммуникация, Мәдениет және спорт министрліктері де, «Нұр Отан» партиясы да қолдайды деген сенімдеміз.

Осы мақсаттағы жұмыстарды күнделікті өміріміздің өзегі ретінде әрі қарай да жалғастыра беретін боламыз.

2016 жылы денсаулық сақтау саласы бойынша облыс орталығында 200 орындық көпсалалы балалар ауруханасы және Қызылорда қаласының, Арал, Жалағаш, Сырдария, Жаңақорған және Шиелі аудандарының елді мекендерінде 11 ауылдық дәрігерлік амбулаториялар салынып, пайдалануға берілді.

Қазалы ауданының Әйтеке би кентінде 150 орындық орталық аудандық аурухананың құрылысына кірісіп, Жаңақорған ауданы орталығындағы 250 келушіге арналған емхана құрылыстарын жалғастырудамыз. Бұл нысандар биыл пайдалануға берілетін болады.

Осылайша, денсаулық саласындағы жаңа нысандарды беруді кезең-кезеңімен жүзеге асырамыз.

Биылғы жылғы негізгі басымдықтың бірі – денсаулық саласының апаттық жағдайда тұрған нысандарының мәселесін шешу және олардың материалдық-техникалық базасын нығайту.

Биыл апаттық жағдайдағы ауруханының орнына 150 орындық жаңа Арал орталық ауруханасының құрылысын бастаймыз. Бұдан соң, Шиелі аудандық орталық ауруханасының да құрылысын жоспарлап отырмыз.

2016 жылдың қаңтарында облыстық онкологиялық орталығында онкопатологиямен ауыратын сырқаттарға паллиативті көмек көрсету мақсатында алғаш рет хоспис бөлімі ашылды. Бұрындары осындай ауруға шалдыққан науқастар өз қасіретімен, проблемасымен оңаша қалса, бүгінгі медицина науқастарды тіршілікке қайта бейімдеу үшін барлық көмегін жасауда.

Алғашқы белгілерін анықтау және онконауқастарға көмек көрсету сапасын арттыру мақсатында онкологиялық аурудың бастапқы кезеңіне арналған мамандандырылған 32 кабинет ашылды. Нәтижесінде, профилактикалық кабинеттер 46 пайыздан 88 пайызға, кадрлармен қамтамасыз ету 37 пайыздан 80 пайызға дейін артты. Аудандарда осы категорияға жататын аурулардың наркотикалық анальгетиктерге қолжетімділігі мәселесі шешілді.

Облыстық медициналық орталықта жоғары білікті медициналық көмек көрсететін офтальмохирургиялық орталық ашылды.

Бұл – өте маңызды, өйткені, жыл сайын 600-ге жуық азаматтарымыз Орынбор немесе еліміздің ірі қалаларына барып, тәжірибелі офтальмологтарға ота жасатуға мәжбүр болып жүр.

Сондықтан жоғары диагностикалық құрылғыларды алдық, бұл науқастардың сырт жаққа сабылуына тоқтам салып, ота жасауды 2 есеге ұлғайттық. Бүгінде біз осы орталықтың жұмысы туралы жақсы пікірлер естудеміз.

2016 жылы біздің облысымызда республикада алғашқы болып ауыр патологиясы бар әйелдер үшін босанғаннан кейінгі оңалту орталығы ашылды. Дәрігерлердің айтуынша, босанғаннан кейінгі оңалту аналар мен сәбилердің денсаулығын нығайтуда тиімді жолдардың бірі болып саналады.

Жоғары мамандандырылған медициналық көмек ауқымын кеңейту үшін де республикалық бюджеттен қосымша 1,5 млрд теңгеге жуық қаржы тартылып, нәтижесінде жүрекке ашық ота жасау 20 пайызға, нейрохирургиялық операциялар саны 27 пайызға, буындарды эндопротездеу саны 2 есеге өсті.

Егер тұрғындарымыз бұрын осындай көмек үшін облыстан тысқары баруына тура келсе, енді қазір біз ауруларды Алматы, Астана қалаларындағы дәрігерлерге «асырмай-ақ» өз күшімізбен шешетін болдық.

2016 жылы қан айналымы жүйесі ауруларын асқындырмай алдын алу мақсатында жүрек пен ми қан тамырларына шамамен 2000 ота жасалды, бұл 2015 жылмен салыстырғанда 15 пайызға артық.

Өткен жылдың ақпан айында Қазалы теміржол ауруханасының базасында Арал, Қармақшы, Қазалы аудандарының және Байқоңыр қаласының тұрғындарына арналып үшінші ауданаралық нейроинсульттік орталық ашылды.

Сондай-ақ, Қазалы орталық ауруханасында инсульт ауруларды оңалтуды жалғастыру бөлімшесі мен №3 қалалық емхана жанынан нейрооңалту орталығы іске қосылды.

Денсаулық сақтау жүйесінде қабылданған шаралар нәтижесінде туберкулезбен аурушаңдық көрсеткіші 10 пайызға, туберкулезден өлім-жітім 17 пайызға төмендеген.

Қан айналымы жүйесі ауруларынан өлім-жітім көрсеткіші 21 пайызға, қатерлі ісіктен 8 пайызға азайды.

Тұрақты төмендеу үрдісі нәрестелер өлім-жітімінде байқалады. Өткен жылы бұл көрсеткіш 10,5 пайызға жақсарды.

1 ана өлімі тіркелді (2015 жылы мұндай қайғылы оқиға – 9). Алайда, мұндай жағдайлар мүлде орын алмауы тиіс! Біз соған қол жеткізуіміз керек.

Денсаулық сақтау саласы біздің жұмысымыздағы ең басым бағыттардың бірі болды және солай болып қала береді. 2016 жылы аталған сала бюджеті 9,5 млрд теңгеге артып және оның бюджеттік көлемі білім беру саласынан ғана төмендеу болды.

Өткен жылы Рио-де-Жанейродағы XXXI олимпиадалық ойындар спорттағы ең басты байрақты бәсеке болды.

Облыс атынан олимпиада ойындарында 3 спортшы бақ сынады. Өкінішке қарай, белгілі себептерге байланысты оған біздің Илья Ильин қатыса алмады, бірақ, біздің облысымыз Қазақстан құрамасының жалпы медальдар қоржынына дәстүрлі үлесін қосты.

Өздеріңіз білетіндей, зілтемірші Александр Зайчиков ауыр атлетикадан қола жүлдегер атанса, Ғалымжан Өсербаев еркін күрестен жоғары 5-орынды еншіледі. Таэквондошы Айнұр Есбергенова да әлемдік аламаннан үлкен тәжірибе жинап қайтты.

Спортшыларды қолдап, олардың олимпиада ойындарына алаңсыз дайындалуына біз жыл сайын жергілікті бюджеттен қаражат қарастырып отырамыз.

Ондаған жылдар бойы қордаланған әлеуметтік мәселелерді шешуде аймақтың айтарлықтай артта қалуын еңсеруді, бұл салада проблемалар жеткілікті екенін ескеріп, біз төрт жыл қатарынан жан басына шаққандағы (2016 жылы – 176,9 мың теңге 1 адамға, ҚР – 135,4 мың теңге 1 адамға) әлеуметтік бюджет шығыстарының жоғары көлемін қамтамасыз етіп отырмыз. Осы көрсеткіш бойынша біз республикада 1-орындамыз.

2016 жылы облыс бюджеті алғашқы кезекте барлық әлеуметтік міндеттемелерді іске асыруға бағытталғанына қарамастан, облыс дамуына 62 млрд теңгеден астам бюджет қаражаты жұмсалды.

Бұл 2015 жылмен салыстырғанда 19 миллиард теңгеге артық. Өткен жылы салынған әлеуметтік нысандардың өзі 50-ге жуық, оның 25-і 2016 жылы пайдалануға берілді, 23-нің құрылысын осы жылы аяқтаймыз. Одан бөлек, тағы 25 әлеуметтік нысанның құрылысы жүргізіледі.

Айта кетейік, 2016 жылы біз бірнеше жылдан бері құрылысы бітпей келе жатқан 34 «сақалды құрылыстың» соңғысын – Талсуат ауылындағы 300 орынға лайықталған психоневрологиялық интернат үйін пайдалануға бердік.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, бюджет мүмкіндіктерінің шектеулі екендігін ескеріп, біз халықаралық қаржы институттары мен мемлекеттік-жеке әріптестік негізіндегі резервтерді пайдаланудамыз.

Бүгінгі таңда жалпы құны 400 млрд теңгеден асатын осындай 30 жобамен жұмыс жасап жатырмыз.

«Еуропа қайта құру және даму банкінің» бағалауынша, Қызылорда облысы аталған ұйыммен жұмыс жасау белсенділігі бойынша республика аймақтары арасында көшбасшы саналады. Бүгінде осы банкпен жалпы сомасы 220 млрд теңгені құрайтын 8 жобамыз бар.

Оның ішінде жолаушылар тасымалы жүйесін жаңарту, облыс орталығының коммуналдық инфрақұрылымын (жылумен, сумен, электрмен қамту) автоматтандыру және кеңейтуге бағытталған 4 жобаны іске асыру басталып кетті. Алғашқы нәтижелері де көз қуантады.

Қаладағы жолаушылар тасымалы күйінің осыдан бірнеше жыл бұрын ғана қандай жағдайда болғаны естеріңізде болар. Көшелерден ауызмұрнына дейін адам тиелген «Газельдерді», шағын сыйымдылықтағы микроавтобустарды ғана көретін едік. Апатқа ұшыраған адам құрбандары қаншама?!

Ал, бүгін Еуропа қайта құру және даму банкімен бірге автобус паркін құру жобасын іске асыру нәтижесінде қалада мүгедектерге арналған аппарельдермен, GPS-навигаторлармен және бейнекамералармен жабдықталған, табиғи газбен жүретін 112 жаңа заманауи автобустар қатынауда. Ал, наурыз айында жаңа заманауи үлгідегі қалалық автобус паркін толыққанды іске қосамыз.

2016 жылы қатты тұрмыстық қалдықтарды өңдеу зауытын салу жөніндегі жобаны жүзеге асыруға байланысты аталған банкпен келісімге қол қойылды, жобаны қаржыландыру мамыр айында басталады.

Қызылорда қаласының сол жағалауын игеру жұмыстары да жалғастырылуда. Бүгіннің өзінде облыс орталығындағы халық саны 300 мыңға жетті. Таяу болашақта урбанизация деңгейін, демографиялық және көші-қон факторларын ескеретін болсақ, алдағы кезеңде қала халқы 350 -380 мың адамға дейін жетеді деген болжам бар. Тұрғын үй құрылысын дамытуға қосымша аумақ қажет етіледі.

Қаланың солтүстік бөлігі жеке тұрғын үй құрылысын салуға, оңтүстік бөлігі толығымен өнеркәсіптік алаңдар салуға берілген, ал, батыс бөлігінде индустриалды аймақ орналасқандықтан, қаланың оңтүстік-батыс бөлігін (сол жағалау) игеру туралы шешім қабылданды.

Өткен жылы сол жағалауға көпір салу құрылысы аяқталды, инженерлік инфрақұрылымын дамыту жобалары дайын және мемлекеттік сараптамамен мақұлданған. Қазір оны қолданыстағы мемлекеттік бағдарламалармен, халықаралық қаржы ұйымдарымен және мемлекеттік-жеке әріптестік аясында іске асыру мүмкіндіктерін қарастырып жатырмыз.

4-бет



АЙМАҚТЫҢ АЛЫМДЫ АСУЫ – ЖАҢАШЫЛДЫҚТЫҢ ЖАРҚЫН ЖЕМІСІ

Енді, Байқоңырға қатысты айтар болсақ.

Өкінішке қарай, соңғы жылдары Байқоңыр қаласының бюджеті тек ағымдағы мәселелерді шешуге бағытталуда.

Қаланы дамытуға қатысты іс-шараларды қаржыландыру тіпті қарастырылмаған.

Сондықтан, Байқоңырда тұратын Қазақстан азаматтарының өмір сүру деңгейінің төмендеуіне жол бермес үшін біз:

- Байқоңыр қаласын және оған іргелес жатқан Төретам мен Ақай елді мекендерін дамытудың «Жол картасын» және аумағында ғарыш айлағы орналасқан Қармақшы ауданын дамытудың «Жол картасын» іске асырудамыз. Байқоңыр қаласындағы жұмыстан қысқарған адамдарды жұмыспен қамту мәселесін шешудеміз.

- өздеріңіз білетіндей, қазақ тілінде оқытатын 6 мектепті қазақстандық білім беру стандарттарына көшірдік;

- медициналық қызмет көрсетуді жақсарту үшін қаладағы тоқтап тұрған жаңадан салынған перзентхана негізінде облыстық медицина орталығының филиалы ашылып, өткен жылдың тамыз айында өзінің алғашқы емделушілерін қабылдады. Орталық филиалы тек байқоңырлықтар үшін ғана емес, сонымен қатар Арал, Қазалы және Қармақшы аудандарының тұрғындарына да сапалы медициналық көмек көрсетеді. Аталған мәселені шешу аттай 6 жылға созылған!

- қалада негізгі тамақ өнімдерінің бағалары және коммуналдық қызмет тарифтері жоғары болғандықтан, біз бірінші қажеттіліктегі өнімдерді төмендетілген бағамен сатуға шығарып, тұрақты түрде жәрмеңке өткізіп келеміз. Ал, 2016 жылы қалаға газ кіргіздік.

Өкінішке қарай, Ресей Федерациясының юрисдикциясы жағдайында Қазақстанның барлық елді мекендерінің дамуына септігін тигізіп отырған мемлекеттік бағдарламалардың мүмкіндіктерін қаланы дамытуға пайдалана алмаймыз. Біздің барлық іс-қимылымыз үкіметаралық келісімдерде регламенттелген.

Сондықтан, 8 шілде күні Мәскеу қаласында өткен Байқоңыр қаласының Ресей Федерациясы тарапынан жалға алыну жағдайларында әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын қолдауға және дамытуға қазақстандық тараптың қатысу мүмкіндігі туралы «Байқоңыр» кешені бойынша Қазақстан-Ресей Үкіметаралық комиссиясының төртінші отырысының шешімі біз үшін маңызды болды.

Бұл мәселені біз бірнеше рет көтергенбіз. Қазір Қазақстан Республикасы бюджеті есебінен Байқоңыр қаласын дамытуды қаржыландыру негіздері мен тәртібі бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Үкіметаралық комиссия мәжілісінде Байқоңыр қаласында шағын және орта бизнесті дамыту мақсатында «Байқоңыр» кешеніндегі 14 нысанды Қызылорда облысының коммуналдық меншігіне беру мәселесі оң шешімін тапқан болатын.

Мұнан бөлек, кәсіпкерлікті дамытуға байланысты жалға алынған аумақтан 11,6 мың гектар жерді қазақстандық тарапқа беру туралы шешім қабылданған.

Ғарыш айлағының келешегі кемел! Оның базасында тек аэроғарыштық емес, қорғаныс өндірісін, шағын және орта бизнесті, ғарыштық туризмді дамыту мүмкіндігі бар.

Бүгінде біз осы сауалды Үкімет алдында қойып отырмыз. Өзімізде бар артықшылықтарымызды пайдалануымыз қажет, «Байқоңыр» кешенін дамытудың «екінші тынысын» ашуға мән беру керек. Сондықтан өткен жетіде Мәскеу қаласында Үкіметаралық кездесу өткізіліп, соның қортындысымен аталған мәселелерді шешу үшін арнайы Үкіметаралық комиссия мәжілісін сәуір айында Қызылорда қаласында өткізу туралы келісімге келдік.

3-бет

Қылмыс пен құқық бұзушылыққа қарсы профилактикалық жұмыс та маңызды басымдық болып қала береді. Жалпы алғанда, облыста криминогендік жағдай тұрақты деп бағаланады. Облыста өткен жылы тіркелген қылмыс саны 20 пайызға төмендеген, бұл – еліміз бойынша өте жақсы көрсеткіш.

Қылмыстың азаюын барлық бағыт бойынша байқауға болады. Мәселен, ауыр қылмыс – 10 пайыз, ұрлық – 12 пайыз, бұзақылық – 46 пайыз, алаяқтық – 30 пайыз, қоғамдық орындарда жасалған қылмыс 21 пайызға төмендеп отыр.

Әрине, ішкі істер органы құрылымдарының жұмыс сапасын арттыру үшін оларды материалдық-техникалық жабдықтау қажет екені белгілі. Сондықтан, ішкі істер органдарын материалдық-техникалық жабдықтауға айрықша көңіл бөлініп келеді.

Өткен жылы осы мақсатқа облыстық бюджеттен 800 млн теңгеден астам қаражат қаралды.

Құрметті жерлестер!

Өздеріңізге белгілі, Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 25 қаңтарда Мемлекеттік билік тармақтары арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері жөніндегі арнайы Үндеуін жариялады.

Бұл жерде Президент институты қазақстандық мемлекеттіліктің жүйе құраушы өзегі болып саналатынын және солай болып қала беретінін түсіну аса маңызды. Президент қарауында Конституция кепілдігінің негізгі фукциялары мен тұрақтылығы, билік тармақтарының арасындағы жоғары төрелік, сыртқы және ішкі саясаттың стратегиясын айқындау, еліміздің қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету мәселелері қалады.

Бүгінгі реформа өзінің маңыздылығы жағынан 1995 жылы қабылданған Конституциямен пара-пар, ол біздің еліміздің дамуын алдағы көп жылдарға айқындап береді.

25 жылдың ішінде қазіргі заманғы және халықаралық қауымдастық мойындаған экономикасы бәсекеге қабілетті мемлекет құрылды. Дегенмен, XXI ғасырда мемлекеттік басқарудың ілкімді моделінің уақыты келді. Мемлекет басшысы жаһандық өзгерістерді сезіне отырып, құқықтық және басқару жүйесінде аса маңызды шешім қабылдады. Мемлекеттік басқару тармақтарында өте айқын тепе-теңдік үрдістері басталды.

Реформа Үкіметтің және атқарушы органдардың бүкіл жүйесінің жауапкершілігін кеңейтіп, олардың Парламент пен мәслихат алдындағы есептілігін қамтамасыз етуді күшейтеді.

Парламенттің атқарушы билікке қатысты рөлі қайта қаралады. Үкімет өз қызметінде Президент, Парламент алдында жауапкершілікті болады.

Премьер-Министр Мәжіліспен кеңескеннен кейін Үкіметтің құрылымы мен құрамы туралы Президентке ұсыныс енгізетін болады. Үкімет жаңадан сайланған Мәжіліс алдында өкілеттілігін тоқтатады.

Парламент депутаттарының ұсынысы бойынша Үкімет мүшелерін лауазымнан босату мәселелесі қаралады.

Барлық ұсынылған реформа – еліміздің саяси жүйесін демократияландыру мен конституциялық құрылымын нығайту жолындағы үлкен, маңызды қадам болып саналады.

Ұсынылатын өзгерістерді Мемлекет басшысы халық талқылауына шығарды, ел тағдырына бей-жай қарамайтын әрбір қазақстандыққа өз пікірімен бөлісіп, заманауи мәселелерді шешуге өз жолдарын ұсынуға мүмкіндік берді.

Қазір әрбір елді мекенде, ауыл мен ұжымдарда өзгерістер жобасын талқылау ұйымдастырылуда.

Елбасы ұсынған реформаны халық жаһандық саяси процестерді жылдамдату, технологиялық және әлеуметтік жаңғыртудың өсуіне қатысты әлемдік қауымдастыққа берген жауап деп түсіну қажет.

Ал, стратегиялық қадамның басты мақсаты – мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін одан әрі арттыру болып табылады.

Қадірлі әлеумет!

Еліміз қазір күрделі кезеңді бастан кешіріп отыр. Біздің ортақ міндетіміз – жағдайды ушықтырмау, керісінше, жұдырықтай жұмылып, туындаған мәселелерді бірлесе шешу.

90-жылдардың басын еске түсіріңіздерші, сол қиын-қыстау тұста халық жалақы да ала алмады, алса да, ол азық-түлік, тауар түрінде берілді. Зейнетақы бірнеше айға кешіктірілді, бала күтіміне бөлінетін жәрдемақының өзі жарты жылға кешігіп, тіпті берілмеген кездері де болды.

Құрал-жабдық сатып алу, жөндеу жұмыстарын жүргізіп, құрылыс салу туралы, тіпті, қиялдай да алмайтынбыз.

Электр қуаты жиі өшті. Мамандардың көбісі (тіпті, жоғары білімі барлар да) базарға шығып, не болса соны сатты.

Себебі – жұмыс жоқ. Инфляция 3000 пайызға дейін жетті.

Біз сол қиын сәттердің өзінен суырылып шықтық.

Қазір жағдай мүлде басқаша!

Біз ағымдағы экономикалық жағдайдың уақытша нашарлауын пайдаланып, адамдар арасында дүрбелең туғызып, елімізді тұрақсыздандыруға мүдделі сыртқы күштердің бар екенін ешбір естен шығармауымыз қажет.

Бірақ, қазақ халқы ертеден даналығымен, тәубашылдығымен, береке-бірлігімен, сабырлылығымен, төзімділігімен ерекшеленді.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев та белесті жылдар бедерінде азаматтардың конституциялық құқықтарының кепілі болып келеді. Оның басшылығымен республика бірнеше дағдарысты бастан өткерді.

Қазіргі кезең Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы кезекті бір айналым ғана секілді.

Мемлекеттің барлық әлеуметтік міндеттемелері толық көлемде және дер уақытында орындалып жатыр. 2016 жылдың желтоқсан айында біз 2017-2019 жылдарға арналған үш жылдық бюджетті қабылдадық.

Әлеуметтік жағдайға бағытталған бюджет сақталғанымен, біз дами береміз. Яғни, қандай жағдайда болсын өңірдің әлеуметтік-экономикалық өсуі жалғаса бермек.

2017 жыл қорытындысында жалпы өңірлік өнім (ЖӨӨ) 2016 жыл деңгейінен де жоғары қалыптасады деген ойдамыз. (2016 жылғы болжам 1,1 трлн теңге болса, 2017 жылы бұл көрсеткіш 1,2 трлн теңге деңгейінде болмақ).

Дамудың негізгі бағыттары Мемлекет басшысының «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында айқындалған міндеттердің есебінен анықталмақ.

Осы міндеттерден туындайтын облыс әкімінің 2017 жылға арналған іс-қимыл жоспары бекітілді. Бұл құжат жақында БАҚ-та жарияланады.

Өткен үш жылда біз дағдарысқа қарсы жоспарларды қабылдасақ, 2017 жылғы біздің мақсатымыз – дағдарыс кезіндегі қиыншылықтарды және отырып, дағдарыстан кейінгі даму үшін қажетті әлеуметтік - экономикалық алғышарттарды құру. Уақыты келді деп ойлаймын. Дегенмен, үстіміздегі жылы мұнай өндіру көлемі тағы да 700 мың тоннаға қысқарады деп болжаның отырғандықтан, жұмыспен қамту және экономиканы әртараптандыру мәселелері өзекті болып қала бермек.

Алда тұрған жыл оңай болады деп ойламаймын. Әрине, өмірде ештеңе де оңайшылықпен жасалмайды. Оны оңайлату жұдырықтай жұмылып, баршамыз күш-жігерімізді біріктіргенде ғана қолымыздан келеді. Оған біздің тәжірибеміз жеткілікті. Біз қай бағытпен жүруді, неге, қалай қол жеткізуді нақты білеміз. Сондықтан алдағы сынаққа төтеп беретіндігімізге кәміл сенімдімін.

Алда бізді көптеген жаңа жетістіктер күтіп тұр, соған бәріміз бірге қол жеткізейік!.





ҚАНАТ БОЗЫМБАЕВ, ҚР ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРІ:

ӨҢІРДЕГІ ЖЕТІСТІКТЕР – ЕЛДІҢ ИГІЛІГІ

Облыс әкімінің баяндамасынан соң ҚР Энергетика министрі Қанат Бозымбаев сөз алып, аймақ дамуындағы өзгерістерді жоғары бағалап, Сыр елі жұртшылығына алғысын арнады. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың кезекті Жолдауында айқындалған міндеттер Қазақстан экономикасын жаңа биіктерге көтереді. Аталған құжаттың құндылығын атап өткен министр Елбасы идеясының негізі технологиялық жаңғыруда жатқандығын, экономиканы жалпы цифрландыру жаһандық болмыс екендігін жеткізді. Жолдауға сәйкес, Үкіметтің нақты іс-қимылдары халықтың әл-ауқатын көтеруге бағытталатынын мәлім етті. Үшінші жаңғыруға қадам басқан еліміздің серпінді дамуы жолында Сыр елі аянып қалмайтынын, бүгінгі жетістіктер оған дәлел бола алатындығын айтты.

– Қырымбек Елеуұлы өз баяндамасында Қызылорда облысының экономикалық және әлеуметтік дамуына қол жеткізу үшін Жолдаудың тәжірибелік қадамдары қалай іске асырылатыны туралы айтып өтті. Әрине, көптеген мәселелерді шешу қажет. Қазіргі талаптар айқын және нақты. Өз кезегінде, Қызылорда облысы 2016 жылы ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы республикалық көлемінің салыстырмалы үлесінде жақсы көрсеткіштерге ие болды, 2015 жылмен салыстырғанда физикалық көлем индексі 7,3 пайызға өсті. Ел өңірлерінің ішінде Қызылорда облысы тұрғын үйді пайдалануға беру көрсеткішінің өсуімен белгіленді: 2015 жылмен салыстырғанда, бұл көрсеткіш 1,2 есеге өсті (мысалы, Астанада өсуі 1,3 есе). Былтыр 12 денсаулық сақтау объектісі (11 дәрігерлік емхана және балалар ауруханасы), 4 мектеп және 2 балабақша пайдалануға берілді, – деді министр.

Қанат Алдабергенұлы мұнан соң еліміздегі мұнай өндіру жайына тоқталды. Соңғы жиырма жыл ішінде еліміздегі мұнай өндіру 3 есеге, ал газ өндіру 5 есеге өскен. Ал, Қызылорда облысы республикамыздың төртінші мұнай өндіруші өңірі болып есептеледі, оның үлесі жалпы өндіруде 12 пайыз. 2016 жылы мұнай өндіру көлемі 7,6 млн тонналы, газ өндіру көлемі 1,3 млрд текше метрді құраған. Мұнай рыногындағы құбылмалы баға мұнай өндіру көлемінің төмендеуіне әсер етті. Қанат Алдабергенұлы бұл орайда жер қойнауын пайдаланушыларды қолдау үшін пайдалы қазбаларды өндіру салығы бойынша жеңілдіктер қарастырылғанын мәлімдеді. 2015-2016 жылдар бойынша жеңілдіктер алған 11 компанияның 4-і Қызылорда облысында. Олар – «Петро Қазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ, «Торғай Петролеум» АҚ, «Саутс Ойл» ЖШС, «ҚуатАмлонМұнай» АҚ. Сондай-ақ, бүгінде 2 қызылордалық мұнай өндіруші ұжымның жеңілдіктер алуы күтілуде.

Министр «қара алтын» саласындағы сөз орайында облыс елді мекендерін «көгілдір» отынмен қамтамасыз ету жайын баяндады.

– Бүгінде табиғи газға облыстың 265 елді мекені қосылды. Облыстың газдандыру деңгейі 63,5 пайыз (бұл 485 000 адам), 2015 жылмен салыстырғанда 2 есе көп және орта республикалық көрсеткіштен 18 пайыз жоғары. Бірлескен жұмыс жалғасуда, 2017-2019 жылдары Жосалы, Сексеуіл, Шоқай кенттеріне 3 жаңа жобаларды іске асыру үшін 1,6 млрд теңге көлемінде бюджеттік қаражатты игеру қажет. Тағы бір жағымды жаңалық. Биыл республикалық бюджеттен қосымша 500 млн теңге «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдан Жосалыға дейін газ құбырын салуға бөлінетін болады, – деді Қанат Алдабергенұлы.

Сонымен қатар, министр Қызылорда облысының электр энергиясын тұтынуда туындап жатқан мәселелерге де тоқталды.

– Бүгінгі таңда аймақтың электр энергиясына деген сұранысы – 135 МВт құрайды, өздігінен электр энергиясын генерациялаудың жетіспеушілігіне байланысты шамамен 100 МВт сырттан сатып алынады. Қызылорда облысының жалпы энергия теңгерімін 65 пайызға дейін үлесін ұлғайту және басқа өңірлерден электр энергиясын сатып алу көлемін азайту үшін қуаты 50 МВт газ турбинасының блогын салу мәселесі пысықталуда. Жобаны «Европа қайта құру және даму банкімен» бірлесіп, 50 де 50 механизмімен іске асыру жоспарланады. Оның ішінде банктің кредиті – 8,9 млрд теңге, Үкімет пен Қызылорда облысы әкімдігінің гранты – 8,9 млрд теңге, – деді сөзінің барысында.

Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдамасы бағыттарының бірі – жаңартылатын энергия көздерін дамыту. Министр бұл бағытта Қызылорда облысында бірқатар жұмыстар жасалынғанын атап өтті. Нақтыласақ, Шиелі ауданында «Уранэнерго» компаниясының қуаты – 250 кВт, «СКЗ-U» компаниясының қуаты – 419 кВт, Жаңақорған ауданында «Байкен-U» компаниясының қуаттылығы 301 кВт күн электр станциялары іске қосылған. Бүгінгі күнге қуаттылығы 50 МВт «Байқоңыр» күн электр станциясы салынып жатыр («Baikonyr Solar»), оны 2020 жылға дейін іске қосу жоспарланған. Сонымен қатар, Жалағаш ауданында қуаттылығы 30 МВт күн электр станциясының құрылысы («Номад Солар») бойынша мәселе пысықталуда.

Қызылорда облысындағы экологиялық ахуалдың жақсаруы үздіксіз еңбектенуді талап етеді. Қанат Алдабергенұлы Сыр еліндегі табиғат қорғау іс-шараларының ауқымдылығына, нәтижелілігіне баса назар аударып өтті.

– Экология саласындағы тағы бір маңызды бағыт – табиғат қорғау іс-шараларын жүзеге асыру. 2016 жылы облыс бойынша 5,8 млрд теңге жұмсалды, оның ішінде табиғат пайдаланушылардың есебінен 5,4 млрд теңге, облыстық бюджеттен 345 млн теңге қарастырылды. 2015 жылы: барлығы – 7,1 млрд теңге, оның ішінде табиғат пайдаланушылардың есебінен – 6,7 млрд теңге, облыстық бюджеттен – 400 млн теңге. Табиғат қорғау іс-шараларының оң үлгісі ретінде «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» компаниясының қызметін атап өтуге болады. Компанияның кен орындарында ілеспе мұнай газын қайта өңдеу бағдарламасын орындау нәтижесінде эмиссияларды жылына 500 тоннаға төмендетуге қол жеткізілді. «ҚуатАмлонМұнай» компаниясы қоршаған ортаға шығарындыларды жылына 59 тоннаға төмендетті. «Эко-Сервис» компаниясы шаңды ұстайтын тазарту құрылғылары орнатылып, қоршаған ортаға шығарындылардың көлемін 37 тоннаға қысқартты. Өзіндік қажеттіліктерге газды пайдалану 2006 жылмен салыстырғанда, 2 есеге артты. Сонымен бірге тауарлық газды өндіру 2006 жылмен салыстырғанда 3,3 есеге өсті. Газды кәдеге жарату және қайта өңдеу бағдарламаларын іске асыру барысында 2006 жылмен салыстырғанда газ жағу 15 есеге төмендеді, – деді министр.

Қанат Алдабергенұлы сөзінің соңында Сыр елінің әрдайым дамудың биік шыңынан көріне беруіне тілектестік білдіріп, қызылордалықтарға ыстық ықыласын жеткізді.

● СҰРАҚ–ЖАУАП

ЕЛ ТІЛЕГІ ЕРЕКШЕ НАЗАРДА БОЛАДЫ

Есепті кездесуде мұнан кейін тұрғындар сауалына кезек берілді.

Сайлаубай Жұбатырұлы, жазушы:

– Құрметті Қырымбек Елеуұлы, осыдан біршама уақыт бұрын әлем көз тіккен Арал экологиялық мәселесінің Қазақстан аумағында ауқымды жобасы жүзеге асты. Елбасы қолдауымен «Көкарал» бөгеті көтеріліп, тартылған теңіз қалыпқа келе бастады. Нәтижесінде балық шаруашылығы жандanып, халықтың әлеуметтік жағдайы жақсарады. Енді осы басталған игілікті үрдістің екінші кезеңін, яғни «САРАТС-2» жобасын жүзеге асыруда қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

Жауап: – «САРАТС-2» жобасын осыған дейін жүзеге асыра алмағанымыздың себебі, көршілес Өзбекстан мемлекетінің ұстанымына байланысты болатын. Жобаның жалпы құны 23,2 млрд теңгені құрайды. Оның 85 пайызын Дүниежүзілік Банк қаржыландырса, 15 пайызы ҚР Үкіметінің үлесінде. Жобаны жүзеге асыруға Өзбекстан елінің келісімі керек. Олар өздерінің әртүрлі ұсыныстарын айтып, жобаны жүзеге асыру жұмыстары кейінге қалған болатын. Бүгінде көрші Өзбекстанның жаңа Президенті Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа екі ел арасындағы шешілмей келген барлық мәселені жүзеге асыруға ниетті екенін білдірді. Шымкент қаласында бүгін жұмыс тобы өзінің кездесуін жүргізуде. 22-23 наурыз аралығында Өзбекстан Президентінің Астанаға сапары аясында осы мәселе өз шешімін табады деп ойлаймын. Ташкентте болғанымызда көрші елдің ауыл шаруашылығы және су ресурстары министрінің орынбасары біздің «САРАТС-2» жобамызды қолдайтындарын жеткізді. Сондықтан биыл аталған жобаның екінші кезеңі жүзеге аса бастайды. Осының арқасында Аралдағы балық аулаудың көлемі 30 мың тоннаға жетеді деп күтілуде.

Бектас Әлназаров, «Қызылорда жылу-электр орталығының» еңбек ардагері:

– Өзіңіз білетіндей, «Қызылорда жылу-электр орталығы» 1964 жылдан бастап жұмыс жасап келеді. Қондырғыларының тозығы жеткен. Аталған мекеменің толық жөндеу жұмыстары алдағы жоспарларда бар ма?

Жауап: – Расымен, ОҚО мен Қызылорда облысының біреуіне үлкен станцияның қажет екені белгілі. Қазіргі таңда біз осы мәселеге байланысты 37 млн АҚШ долларын құрайтын арнайы жоба дайындадық. 50 мегаватты газтурбиналық станцияға байланысты «Европалық қайта құру және Даму банкімен» де келісімшарт жасалуда. ҚР Энергетика министрлігі де аталған жобаны қолдайтындары жайлы өздерінің пікірін білдірді. Жоспарға сай алдағы уақытта жобаның «Европалық қайта құру және Даму банкі» 50 пайызын, ҚР Үкіметі 40 пайызын және облыс әкімдігі 10 пайызын қаржыландыруы қажет. ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Асқар Маминнің облысымызға жұмыс сапары аясында да осы мәселені жан-жақты пысықтадық. Алдағы уақытта өз шешімін табады деп ойлаймын.

Дилара Асқарқызы, қала тұрғыны:

– Мен Марат Оспанов атындағы медицина университетінің түлегімін. Аталған оқу орнын аяқтағанымнан, резидентураға түсе алмадым. Естуімше, өткен жылы резидентураға грант бөлінген. Ағымдағы жылы осы жұмыстар жалғасын табады ма?

Жауап: – Дилара Асқарқызы, 2014 жылдан бастап, медициналық жоғары оқу орнын бітіргендер резидентураға оқуға міндетті. Бүгінде облыста 160 дәрігер жетіспейді. Оның 121-і резидентурада оқуы керек. Сондықтан, қанша жерден жоғары оқу орнын бітіргенмен, жас маманның жоғары білікті маман ретінде жұмыс жасауы мүмкін емес. Біз облыстық денсаулық сақтау басқармасының ұсынысы бойынша 11 маманға грант бөлдік. Сондықтан, аталған басқарма басшысына Дилара Асқарқызының резидентурада грантпен оқуына қолдау жасайық деген ұсыныс айтамын. Жаңағы дәрігерлердің жетіспеу мәселесін облыстың арнайы комиссиясында қарайтын боламыз. Сондықтан, денсаулық сақтау саласының қажеттігіне сәйкес, облыс әкімінің гранттын аталған сала мамандарын дайындайтын резидентураға да бөлетін боламыз деп ойлаймын.

Ерік Теңізбаев, қала тұрғыны:

– Сізге «Қайсар» футбол клубының жағдайын жақсартуда атқарылған жұмыстарға алғыс білдіремін. Алдағы уақытта осы бағытта тағы қандай жұмыстар жалғасын табады?

Жауап: – Сұрағыңыз өте орынды. Соңғы жылдары облыста спорт саласына да көптеп қолдау көрсетілуде. Ал енді жаңа құраммен толыққан «Қайсар» футбол клубына келер болсақ, өткен жылы айтарлықтай қолдау көрсетілді. Нәтиже де жаман емес. Үздік ойын көрсетіп, биыл премьер-лигаға жолдама алды. Алдағы уақытта да осы бағыттағы жұмыстар өз жалғасын табады.

Есепті кездесуде мұнан кейін облыстық қоғамдық кеңес мүшесі Сәпен Аңсат жанар-жағармайдың қымбаттауына байланысты сауалын жолдады. Аймақ басшысы жанар-жағармай нарығындағы жағдайды тарқата келе, осы бағытта бірлесе қолға алынған шаралардың тиімділігі болатынын жеткізді.

Қазыбай Құдайбергенұлы, ҚМУ-дың профессоры:

– Жалпы, экономика бойынша барлық саладағы өсім жайлы сіздің дәйекті сөздеріңізден хабардар болдық. Енді рухани салаға байланысты бір сауалым бар. Сыр елінде талай тұлғалар дүниеге келген. Былтыр сол тұлғаларды ұлықтау мақсатында бірқатар шара ұйымдастырылды. Алдағы уақытта осы бағыттағы игілікті шаралар жалғасын табады ма?

Жауап: – Қазыбай Құдайбергенұлы, сауалыңызға рахмет! Менің айтайын дегенім, бізде Қарағанды мен Павлодар облысына өндіріс жағынан ақыл айту артықтау болар. Себебі, оларда аталған сала бойынша көшбасшылық басым. Ал балалардың тәрбиесіне және рухани мәселесіне біз аса мән беріп келеміз. Сыр – Алаштың анасы болғандықтан руханият мәселесіне қатты көңіл бөлуіміз қажет. Мына мәселеде: «Сыр жұртының пікірі қалай екен? Сыр елі не айтады?» деген алты Алашта сондай ұғым болуы керек. Сондықтан руханият мәселесіне бірге атсалысайық. Сауалыңызға тағы да рахмет.

Есепті кездесуді тікелей эфирден тамашалаған барлық аудан және Байқоңыр қаласының тұрғындары облыс әкіміне өз сауалдарын жолдады. Эфирге алдымен Арал ауданы шығып, ол Жаңақорған ауданына дейін жалғасты.

Гүлжан Дошниязова, Арал ауданының тұрғыны:

– Қырымбек Елеуұлы, ауданымызда шешімін таппай келе жатқан мәселелердің бірі аудандық ауруханының құрылысы болатын. Елбасы мен облыс әкімінің қолдауы арқасында аталған мәселе өз шешімін тапты. Барша аудан тұрғындарының атынан алғыс білдіремін. Тағы бір сауалым, Арал қаласында орналасқан №14 мектеп-лицейінің жағдайына байланысты. Жыл сайын білім ошағында оқуға ниет білдірген оқушылар саны артып отыр. Оның үстіне ғимараттың да тозығы жеткен. Осы білім ошағына жаңа ғимарат салу жұмыстары қашан жүзеге асырылады?

Жауап: – «САРАТС-2» жобасы жайында өз баяндамамда айтып кеттім. Сондықтан аралдықтар болашаққа үлкен үміттен қарау керек деп ойлаймын. Апатты жағдайдағы аудандық ауруханаға байланысты тиісті шешімдер қабылданған болатын. Үкіметке осы сауалды жолдаған едік, ҚР Премьер-Министрі Бақытжан Сағынтаевқа алғысымды білдіремін. Биылғы бюджеттен 200 млн теңге қаржы бөлді. 2018 жылдың бірінші жартыжылдығында аурухана құрылысы бітеді деп ойлаймын. Ал енді №14 мектеп-лицейінен хабарым бар. Биыл республикалық бюджет есебінен 7 мектеп бой көтереді. Соның ішінде аталған оқу орны да бар. Сондықтан бұл мәселе де өз шешімін табады деп ойлаймын.

Алтынбек Жұбаниязов, Қазалы ауданының тұрғыны:

– Менің сізге қояр сауалым, Қуандария өзеніндегі көпірдің тұрғындарға қиындық тудырып отырғанына байланысты. Осы мәселе қай уақытта өз шешімін табады?

Жауап: – Қуандария өзені бойынан темірбетон көпір салу мәселесі бюджетте шешілген. Көпір құрылысына 100 млн теңге қаражат бөлінді. Сондықтан жыл аяғына дейін жаңа көпір пайдалануға беріледі деп ойлаймын.

Ғалымжан Ұзақбаев, Байқоңыр қаласының тұрғыны:

– Бәрімізге белгілі, бүгінде Ресей өздерінің Шығыс ғарыш айлағын салып, ғарыш кемесін ұшырып та үлгерді. Бұның бізге, яғни, Байқоңыр ғарыш айлағына әсері бола ма?

Жауап: – Әрине, әсер етеді. Ресей белсенді түрде ғарыш айлақтарын салуды қолға алды. Мәселен, Шығыс ғарыш айлағын салды, Циалковский қаласының құрылысы қарқынды жүруде. Сондықтан бізге Байқоңыр қаласының ахуалына барынша көңіл бөлу керек. Дәлірек айтсақ, Байқоңырдың екінші тынысын ашуға жұмыс жасайтын боламыз.

Балапан, Байқоңыр қаласының тұрғыны:

– Құрметті Қырымбек Елеуұлы, Сіздің Байқоңыр қаласының тұрғындары үшін жасап жатқан игі істеріңізге қала тұрғындарының атынан шексіз алғысымды білдіремін. Байқоңырдағы қазақ мектептері өзіңіздің бастамаңызбен 2015 жылдың қыркүйек айынан бастап қазақстандық оқу стандартына көшті. Осы арқылы балалардың туған жерге, Отанға деген сүйіспеншілігі мен патриоттық сезімдерінің өсіп-өркендеуіне жол аштыңыз. Сонымен бірге, біраз жылдан бері жұмыс істемей келген перзентхана ғимараты базасында былтыр тамыз айынан бастап облыстық медицина орталығының филиалы ашылып, жұмыс жасауда. Бұл игі іске барша байқоңырлықтар риза. Жалпы, соңғы уақытта Байқоңыр қаласы халқының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауда облыс тарапынан үлкен мән беріліп келеді. Осы бағыттағы проблемалық мәселелерімізге қолдау көрсететініңізге сенімміз болатынмын. Мұның ар жағында үлкен мән бар. Қазақстан азаматтарының жағдайына біз жауаптымыз. Сондықтан олардың барлық мәселесін шешуіміз керек. Осы орайда Байқоңырдың әлеуметтік ахуалын жақсартуға көңіл бөлудеміз. Бұл бағытта Байқоңырдағы қазақ мектептерін өзімізге қайтардық, перзентхананың базасында облыстық медицина орталығының филиалын аштық. Олардың материалдық базасын жақсартуға жұмыс жасауда-мыз.

Руслан Жаңұзақов, Қармақшы ауданы, Жосалы кентінің тұрғыны:

– Мен шағын кәсіпкерлікпен айналысамын. Кәсібімді үлкейту үшін несие алайын десем, банктер кепілдік сұрайды. Оған мүмкіндігім жоқ, қандай кеңес бересіз?

Жауап: – Руслан, кепілі жоқ кәсіпкерлерді қолдау туралы Елбасының арнайы тапсырмасы бар. Елбасы тапсырмасына сәйкес арнайы бағдарлама қабылданды. Сол бағдарлама бойынша 6 пайызбен бес жылға 16 млн теңгеге дейін несие алуға болады. Соның 85 пайызына мемлекет кепілдік береді. «Көз – қорқақ, қол – батыр» дейді ғой. Руслан, іске сәт, болашақ үлкен кәсіпкер болуыңа тілектеспін.

Әлтай Пірманов, Жалағаш ауданы, Ақарық ауылының тұрғыны:

– Құрметті Қырымбек Елеуұлы, облыс әкімдігінің шаруашылық иелеріне көрсетіп жатқан қамқорлығына алғысым шексіз. Дегенмен, егін саласы бойынша гектарына берілетін субсидия қысқартылады деп күтілуде. Бұл біз секілді шағын шаруашылықтар жұмысының жандануына кері әсерін тигізетін сияқты. Алайда, біз облыста күріш дақылы үшін берілетін гектарлық субсидия бұрынғыдай жүргізіле береді деп естідік. Осы сөз қаншалықты рас?

Жауап: – Әлеке, ОҚО мен Қызылорда облысына байланысты арнайы осы мәселе Ауыл шаруашылығы министрлігінде қаралып, оң нәтижеге қол жеткіздік. ОҚО – мақтаға және біз күрішке байланысты біраз жұмыстарды қолға алдық. Күріштің 90 пайызы біздің аймақта өндіріледі. Инженерлік жүйедегі жерлерді қалыпты жағдайда ұстау үшін және аталған саладағы жұмыстардың ауқымдылығын айтып түсіндірдік. Сондықтан жергілікті бюджет есебінен гектарына берілетін субсидияны қалдыру біздің құзырымызда. Көктемгі науқанда әр гектарға 100 мың теңге қаржы бөлінеді. Сонымен қатар арнайы тұқымдарға байланысты да қосымша субсидия қаралады. Сондықтан бұл саладағы жұмыстар жылдағыдай оң нәтижесін береді деп ойлаймын.

Ержанов Балтабай, Жалағаш кентінің тұрғыны:

– Өңіріміздегі аудандық ішкі істер бөлімі 20 жылдан бері бұрынғы қонақ үйдің ғимаратында жұмыс жасап келеді. Аудандағы қызметкерлеріміз жаңа ғимаратқа қашан қол жеткізеді?

Жауап: – Бұған байланысты тиісті жұмыстар атқарылып, қаржы мәселесі де өз шешімін тауып отыр. Бүгінгі таңда 900 млн теңгені құрайтын ғимараттың 600 млн теңгесі бөлінді. Ал қалған 300 млн теңгені жылдың аяғына дейін қарастыратын боламыз. Бұйыртса, жылдың аяғында, болмаса, келер жылдың басында аудандық ішкі істер бөлімі жаңа ғимаратқа көшеді. Тек өздерінің алда тұрған міндетін абыроймен атқара берсін. Сауалыңызға рахмет!

Өтепберген Әбілов, Сырдария ауданы, Қалжан ахун ауылының тұрғыны:

– Қырымбек Елеуұлы, Қалжан ахун ауылының ауыз су жүйелерінің қазіргі уақытта тозығы жеткен. Осы мәселе қалай шешіледі екен?

Жауап: – Қалжан ахун ауылының жағдайын жақсы білемін. Республикалық бюджеттен биыл бөлінген қаржының ішінде Қалжан ахун ауылының ауыз су жүйелерін жаңартуға арналған қаржы бар. Жалпы Сырдария ауданында ауыз су мәселесі толығымен шешімін тапқан.

Жолдасбек Әбжаппаров, Шиелі ауданы, Еңбекші ауылының тұрғыны:

– Ауылдық жерлерде спорт залдары жетіспейді, алдағы уақытта спорт залдарын салу жоспарда бар ма?

Жауап: – Біз тек Қызылорда қаласында ғана емес, ауылдық жерлерде типтік жобадағы спорттық сауықтыру залдарын салудамыз. Соңғы кезде 9 елді мекенде салынды, биыл 7 спорт нысанының құрылысы қолға алынбақшы. Соның ішінде Еңбекші ауылы да бар.

Бақытжан Төлегенов, Жаңақорған ауданы, Қазір кооперативке біріксе, мемлекеттік субсидия алуға болады дейді, осы туралы не айтасыз?

Жауап: – Бақытжан, ешқандай алаңдама. Қазақстанда, біздің облысымызда да өндірістің 80 пайызы үй шаруашылықтарында өндіріледі. Бірақ сіздердің қаукарларыңыз аз. Сондықтан сіздерге мемлекеттік қолдауларды алу үшін бірігу керек. Кооперативке біріксе, бірқатар жеңілдіктер болар еді. Мемлекеттің қаржылай көмегіне жету үшін бірігіп жұмыс жасауларыңыз керек.

Ерғали Оразбеков, Жаңақорған ауданының тұрғыны:

– 2018 жылдан бастап ауылдық округтер әкімдерінің өз бюджеті болады дегені рас па?

Жауап: – Рас. Елбасының шешімі бойынша 2018 жылдан бастап ауылдық округ әкімдерінің өз дербес бюджеті болады. Ауылындағы мәселені шешу үшін әкімге ауданға, облысқа жүгіру қажет емес. Бірақ мен бір нәрседен қорқамын. Ауылдық округ әкімдері бухгалтерлерінің сауаттылығы өте маңызды. Сол есепшілер әкімдердің түбіне жетпесін деңіз. Әр қаржының есебі, оны жұмсаудың заңдылығы бар, сұрауы болады. Сондықтан әкімдер осы жағына мән беруге тиіс. Оларды оқытып, үйретуіміз керек.

Облыс әкімінің халық алдындағы есепті кездесуіне орай, Қызылорда қаласы мен аудандардан және барлық елді мекендерден халықтың пікірлері мен ұсыныстарын жинақтайтын арнайы жәшіктер орналастырылды. Мұнан бөлек, 10 ақпаннан бастап 400 100 телефон номері бойынша немесе, WWW400-100.kz сайты арқылы да сауалдар жолдауға мүмкіндік жасалды. Аталған онлайн режимдегі байланыс орталықтары арқылы аймақ тұрғындарынан бүгінге дейін толассыз ұсыныстар пен пікірлер түсті. Келіп түскен сауалдарды сараптап айтар болсақ, тұрғын үй беру мәселелері бойынша 25 сауал түссе, жұмыспен қамту және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша 58 адам хабарласса, коммуналдық шаруашылық бойынша – 52, білім беру мәселелері бойынша – 42, мәдениет саласы бойынша – 24, денсаулық саласы бойынша – 32, кәсіпкерлік мәселесі бойынша – 17, ауыл шаруашылығы бойынша – 30, жер мәселесі бойынша – 22 және басқа да мәселелер бойынша 40 адам өз сауалдарын жолдады. Жолданған сауалдардың бірқатарын онлайн режимде «Қазақстан-Қызылорда» телеарнасының тілшісі Алтынай Молжанова жеткізді. Қойылған сұрақтарға аймақ басшысы жауап берді.

Зибагүл Асанбаева, Қызылорда қаласының тұрғыны:

– Қызылорда қаласында көптеген тұрғын үйлер қайта жаңғыртудан өтіп, коммуналдық желілері жаңарды, қаламыздың архитектуралық келбеті де артты. Алайда жөндеу көрмеген үйлер әлі де бар. Тұрғын үйлерді жаңғырту жұмыстары жалғасын табады ма?

Жауап: – Тұрғын үйлерді қайта жаңғырту бағдарламасы жақсы бағдарлама еді, бірақ Үкімет тарапынан бұл бағдарлама тоқтатылды. Қызылорда қаласында 600-дей үйді осы бағдарламаға енгіземіз деп едік, соның 121-і жөнделді. Өткен жылы үш үйді жөндеуден өткіздік. Биыл қайтарылған қаражат есебінен төрт үйді жөндеу жоспарланып отыр. Үйлерді жаңғырту бағдарламасын қайта қаржыландыру туралы өзіміздің ұсынысымызды бердік.

Құандық Құрманаев, Қызылорда қаласының тұрғыны:

– Мен «Сабалақ» саяжайының тұрғынымын. Қала келбеті адам танымастай көркейіп жатыр. «Сабалақ» саяжайының инфрақұрылымын жақсарту туралы не айтасыз?

Жауап: – «Сабалақ» саяжайына байланысты қала әкімі маған баяндаған болатын. Бұл саяжай қаланың бас жоспарында жоқ. Сондықтан алдымен оның құжаттарын жасап, қаланың шегіне кіргізуіміз керек. Сосын барып инфрақұрылымын қарай аламыз. Олай болмаса, қаржы бөле алмаймыз. Нұрлыбек Машбекұлы, саяжайға барып, бұл мәселені сол жердегі тұрғындармен кездесіп, түсіндіріңіз.

Сәбира Смағұлова, Қызылорда қаласының тұрғыны:

– Құрметті Қырымбек Елеуұлы, облыс орталығындағы апатты үйлердің мәселесі қалай болады?

Жауап: – Сұрағыңызға рахмет. Мен жаңа баяндамамда айтып өттім, төрт үй салынды, екі үйдің жобасы дайын тұр. Реті келсе, осы жылдың аяғына дейін апатты үйлердің мәселесі шешілетін болады.

Нағымжан САУЯЕВ,
Айнұр БАТТАЛОВА,
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ,
Бағдат ЕСЖАНОВ (сурет).

ПІКІР–ПАЙЫМ

Қуанышқали ШАПШАҢОВ,
Қызылорда облысының құрметті қайраткері:

– Аймақ басшысының кезекті есеп беруінде айтылған ақжолтай жаңалықтар, игі бастамалар, жаңа жобалар Сыр елінің болашағы бекемделе түскенін айғақтайды. Өздеріңіз көргендей, экономикалық-әлеуметтік сала көрсеткіштері республикада көш бастап тұр. Қаржылық дағдарыс кезеңінде қайырлап қалмай, дамудың даңғыл жолынан табылуымыз – Елбасының еңселі еңбегінің нәтижесі. Сонымен қатар, Президент тапсырмаларын облыс басшылығы толыққанды жүзеге асыруының арқасында қол жеткізіп отырмыз.

Өзіміз куә болғандай, еліміздің Энергетика министрі Қанат Бозымбаев тұрғын үй құрылысы қаншалықты қарқынды жүргізілгенін Астана қаласымен салыстыра отырып жеткізді. Аймақтар арасындағы көшбасшылық тек құрылысқа қатысты емес, экономиканың өзге салалалары бойынша да көштің басындамыз. Яғни, өткен жыл – Сыр елі дамуындағы серпінді жылдар тарихынан ойып орын алары даусыз. Облыс әкімі өз сөзінде «қара алтын» өндіру көлемінің қысқару көрсеткішінің көп бөлігі біздің облысқа тиесілі екендігін айтты. Сонда да болса, облыс бюджетін арттыруға қол жеткіздік, шикізаттық емес секторды дамыту арқылы жалпы өнір өнімділігі еселене түсті. Демек, аймағымыздың экономикасы бәсекелестік пен кез келген қиындықты жеңе алатын жағдайға жетті деп есептеуге болады.

Қайреддин БАЙМАХАНОВ,
«Ерлік» үйлестіру кеңесінің төрағасы:

– Кездесуде көтерілген басты мәселелердің бірі, көпшілікті риза еткен жаңалық – Байқоңыр тұрғындарының жайы. Ондағы жерлестеріміздің білім алуы мен денсаулығы бүгінде басты назарда тұр. Аймақ басшысы бұл жетістікке оңай қол жетпегенін, бірнеше жылдар қажет болғанын айтты. Әйтеуір, олардың өз елінде өгейсімейтін болғаны көңілге ерекше қуаныш ұялатады.

Сыр елі жырдың елі ғана емес, ұлттық руханияттың, ұлттық салт-дәстүрдің қайнар көзі. Облыс әкімі халықпен кездесуінде бұл бағамға ерекше тоқталды. «Сыр – Алаштың анасы» деген Елбасы қойған атау бар. Осы қазақылық қасиетімізбен өзгелерге өнеге-үлгі болуға тиіс екендігімізге ерекше тоқталды. Жастарға патриоттық тәрбие мен сапалы білім беру жолында да талмай еңбек етуге тиіс екендігімізді ерекше атап өтті. Меніңше, Сыр елі жастарға көрсетіліп жатқан қолдау жөнінен де көпке үлгі боларлық қадамдар жасауда.

Нұрмұрат ЕРМАНОВ,
«Хақ нұр» адвокаттар кеңесінің басшысы,
ҚР Мәслихаттарының құрметті депутаты:

Өткен жылға өкпе жоқ, өнеге көп. Облыс әкімі Қ.Көшербаевтың 2016 жылы атқарылған жұмыстар жөнінде берген есепті кездесуінен осындай ой түйдім. Қай салаға қайырылсам да, қайтарымды еңбектің құны бар, көлкөсір көрсеткішті көремін. Демек, мемлекет ұсынған мүмкіндікті билік пен халықтың үйлесімді ісі ұтымды пайдаланды.

Бір ғана мысал, «Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020» бағдарламасы үш бағыт бойынша жүзеге асты. Соның ішінде екінші бағытпен 2,2 млрд теңгенің 800 несиесі беріліп, 440 адам өз кәсібін ашқан. Бұл деген кәсіпкерлікті жандандырудың ғаламат нәтижесі. Жыл сайын осы серпін сақталса, Сыр елінде кәсіпкерлік саланың серпілісі едәуір деңгейге көтерілетін болады. Мұның жұмыссыздықты жоюға да септігі мол.

Ал, енді облыс басшысы айтқандай, білім, денсаулық, спорт, мәдениет салаларында жыл жемісі жетерлік. Шынында, жүйелі жұмыстар жиынтығы әрбір салаға тән әлеуетті қайратты байқатты. Аймақтың жылдық бюджеті 238 млрд теңгеге жетуінің өзі істің ілгері басып, өрістің кеңейгенін көрсетеді. Есепті кездесуден біз осындай шат көңілмен шықтық.

Кішкене АЙБОСЫНОВ,
Арал аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы:

Облыс әкімінің халыққа берген есебін тыңдап, жыл бойы ауқымды жұмыстар атқарылғанына куә болдық. Қазіргі таңда дағдарысқа байланысты жұмыстан қысқартулар орын алғанымен, есесіне жаңа жұмыс орындары ашылып, жұртшылық нәпақасын табуда. Бұл аз болсын, көп болсын, елге жасалған қамқорлық деп білемін.

Аймақ басшысының баяндамасында айтылған облыс үшін аса маңызды Аралды қайтару жобасы туралы айтқым келеді. Жасыратыны жоқ, жобаның бірінші кезеңінің арқасында атақәсіп – балық шаруашылығын жандандыруға жағдай жасалуда. Соңғы екі жыл қатарынан болықшылар слетін өткізу дәстүрге айналса, өткен 4 жыл мерзімде балық өндіру көлемі 65 пайызға өсіпті. Айдынды Аралдан ауланған су маржанын өндеу көлемі 2,5 есе, ал балық өнімдерінің экспорты 3 есеге артуы – атақәсіптің жандanғанының айқын дәлелі.

Облыс әкімі Қырымбек Елеуұлы өз баяндамасында жобаның екінші кезеңіне үміт артатынын жеткізді. Сол үміт аралдықтардың да көкейінде тұр. Енді өзбек ағайындар осы жобаға үн қосса, құба-құп болар еді. Осынау ғасырлық жобаның екінші кезеңін жүзеге асыру Аралдың тайдай тулаған балықтарын қайтарып қана қоймай, өңірдің қоршаған орта жағдайын және әлеуметтік-экономикалық дамуын жақсартуға мүмкіндік берері анық.

Сөз соңында Алаштың анасы атанған Сыр елі Тәуелсіз еліміздің ең алдыңғы аймағы болсын деп тілеймін. Осынау орайлы сәтті пайдалана отырып, аудан халқының атынан қамқорлығын аямаған Елбасына алғыс айтқым келеді.

Жақсығүл ТОҒАНОВА,
М.Мәметова атындағы Қызылорда гуманитарлық колледжі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары:

Ұрпақ тәрбиесін ұлт тағдыры деп білген қазақ халқы үшін оқу мен тәрбие – егіз ұғым. Білім саласының дамуы – бүгінде өркениеттің өлшемі, қоғам дамуының басты көрсеткіші. Сондықтан бұл Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев белгілеген стратегиялық бағдарламалардың тірегі болып келеді.

Аймақта атқарылып жатқан жұмыстарға жан-жақты талдау жасаған есебінде облыс әкімі осы білім мәселесіне ерекше екпін бере сөйледі. Білім беру жүйесін қаржыландыру көлемі жылдан-жылға ұлғайып келеді. Шағын орталық, балабақша мен мектептер көптеп пайдалануға берілуде. Бүгінде біздегі балабақшалардың 70,8 пайызы – жекеменшік. Елбасы осы орайда халыққа арнаған Жолдауында мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің облыстағы оң тәжірибесін үлгі ретінде атады.

Біз, педагогтар, облыс басшысының қамқорлығын сезініп келеміз. Көптеген үздік ұстаз, өз кәсібінің шеберлері жылда марапат бигінен көрініп жүр. Әрбір мемлекеттің келешегі осындай білім ошақтарында шыңдалатынын ескерсек, бұл ел болашағы жолындағы маңызды қадам дер едік.

Оразғали БЕКБАНОВ,
Қазалы аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы:

– Кеше облыс әкімі Қырымбек Елеуұлының есебін тыңдадық. Қыруар жұмыстың жасалғанын көзімізбен көріп жүрміз. Мұның бәрін жалпақ жұрт жақсы біледі.

Қазалылықтар үшін өткен жыл табыссыз емес. Көптеген игі іс тындырылды. Елдің есінде қалардықтай жағымды жаңалық баршылық. Ауданның экономикасын одан әрі дамытып, халықтың әл-ауқатын арттыра түсуге бағытталған игі істер көрініс тапты.

Соның бірі азаттығымыздың 25 жылдық мерейтойы қарсаңында Қазалы ауданында ашылған «Тәуелсіздік» аллеясы. Аллеяның ашылу салтанатына облыс әкімі Қ.Көшербаевтың өзі қатысып, оң бағасын берген болатын. Бүгінде аллея, әсіресе, жастарға елдік тәрбие беруде таптырмас орынға айналып отыр.

Бұл жұмыстар биылғы жылы да өз жалғасын таппақ. Соның бірі – Қазалы қаласына 150 жыл толуына орай жоспарланған жұмыстар. Жалпы, Қазалы қаласы – тарихи қала. Кезінде уезд орталығы болған. Бұған қазіргі Қармақшы, Арал аудандарының жері қараған.

Биыл облыс әкімінің тікелей қолдауымен мерейтой аясында қала бойынша көптеген жұмыс атқарылмақ. Қала мен кенттің екі ортасын қоса отырып, саябақтарды жаңарту, көшелерді жөндеу, орталық базар салу секілді халық үшін ең қажетті жұмыстар. Қазірдің өзінде қалада ауыз су және электрмен жабдықтау жұмыстары жүруде. Осы жұмыстарға ерекше қолдау білдірген облыс әкімі Қырымбек Елеуұлына Қазалы ауданы тұрғындарының атынан рахметімді айтамын.

ЖЕКЕ ҮЛГІ ШАРТ № ___

қатты-тұрмыстық қалдықтарды шығару бойынша
Гагарин ауданының тұрғындарына қызмет көрсету туралы
Қызылорда қаласы. 2017 ж.

«Қызылорда Тазалығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, жарғы негізінде мекеме директоры Т.Құлмағанбетов, әрі қарай «Қызмет ұсынушы» бір жақтан, одан әрі «Тұтынушы» _____, ____ екінші жақпен төмендегідей келісім-шарт жасасты.

1. КЕЛІСІМ-ШАРТ МӘНІ:
1.0. «Қызмет ұсынушы» мен «Тұтынушы» арасындағы осы келісім-шартта қарастырылған қарым-қатынас «қоқысты жоспарлы-реттеу жинауды пайдалану Ережелерімен реттеледі.

2. ЕКІ ЖАҚТЫҢ ҚҰҚЫЛАРЫ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ:
«Қызмет ұсынушы»:
2.0. Күнделікті белгіленген кесте бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды шығаруға;
2.1. Картада көрсетілген аумақтың тұрғындарынан «Тұтынушыдан» көрсетілген қызметтің төлемақысын уақытылы алуға:
- бір айға бір адам бойынша есептегендегі тұрмыстық қоқысты шығарудың абоненттік төлемақысы тарифке сәйкес **204 теңгені** құрайды;
2.2. Белгіленген бағалар жыл бойында нарық бағаларына сәйкес біржақты өзгеруі мүмкін.
«Тұтынушы»:
2.3. Тұрмыстық қоқысты уақытылы шығаруға және төлемақы мөлшерінің дұрыстығын білуге құқылы;
2.4. Темір қораптарға тек қана тұрмыстық қоқыс қалдықтарын тастауға;
2.5. Тұрмыстық қоқысты құрылыс қалдықтарынан, шлактан, күлден, тезектен бөлек жинауға;
2.6. Қоқыс шығару қызметінің төлемақысын серіктестіктің бақылаушыларына (жеке басын куәландыратын құжаты болған жағдайда), немесе касса арқылы төлеуге болады. Кассаның мекен-жайы: «Қызылорда Тазалығы» ЖШС, Тілендиев көшесі № 9 немесе Титов ауданы № 31 үй;
2.7. Ай сайын әрбір үйде тұратын тұрғындардың санының өзгеруі туралы жазбаша хабарлама беріп тұруға, әрбір үйде нақты тұратын адамдардың санын тексеру мақсатында мекен-жай туралы анықтамаларын көрсетіп тұруға міндеттенеді.

3. ЕКІ ЖАҚТЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ:
3.1. «Қызмет ұсынушы» мен «Тұтынушы» арасындағы барлық келіспеушіліктер келіссөз арқылы шешіледі, олай болмаған жағдайда ҚР қолданыстағы заңдары шеңберінде сот органдары арқылы шағымданушының шағымы бойынша шешіледі;
3.2. Бұл келісім-шарт **01.01.2017 жылдан – 31.12.2017 жылға дейін жарайды**. Бұл келісім-шарт қоғамдық жариялығымен Гагарин ауданының жеке үй тұрғындарына қатысты. Келісім-шарттың мерзімі біткеннен кейін екі жақтың біреуі аталған келісім-шарт негізін тоқтатуға ұсыныс бермесе, келісім-шарт келесі жылдарға ұзартылады;
3.3. Бұл келісім-шарт баспасөз бетіне ресми жарияланған уақыттан бастап күшіне енеді.

Тұрмыстық қатты қалдықтарды өртеуге, қоғамдық орындарға қоюға (көше бойына, контейнердің айналасына) және темір қораптардың ішіне құрылыс қалдықтарды тастауға қатаң тыйым салынады.
Құрылыс және басқа қалдықтарды шығаруға қатысты сұрақтар бойынша 22-35-42, 22-38-71, + 7 705 705 45 43 телефондары арқылы байланысуға болады.

4. ЕКІ ЖАҚТЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕН-ЖАЙЫ:

ҚЫЗМЕТ ҰСЫНУШЫ	ТҰТЫНУШЫ
«Қызылорда Тазалығы» ЖШС, Қызылорда қаласы, «Ақмешіт» мөлтек ауданы, Тілендиев көшесі №9	Аты-жөні ______________
Тел.: 22-35-42	Мекен-жайы ______________
БИН 130240005281	ИИН ______________
РНН 331000032274	Телефон______________
ИИК KZ 579650000071986658	Тұтынушының қолы ______________
БИК IRTYKZKA КБЕ 17	
АО «ForteBank»	

Директор ___________ Т. Құлмағанбетов

ЖЕКЕ ҮЛГІ ШАРТ №___

қатты-тұрмыстық қалдықтарды шығару бойынша көпқабатты үйлердің
тұрғындарына қызмет көрсету туралы
Қызылорда қаласы 2017 ж.

«Қызылорда Тазалығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, жарғы негізінде мекеме директоры Т.Құлмағанбетов, әрі қарай «Қызмет ұсынушы» бір жақтан, одан әрі «Тұтынушы» __________ ___________________________ екінші жақпен төмендегідей келісім-шарт жасасты.

1. КЕЛІСІМ-ШАРТ МӘНІ:
1.1. «Қызмет ұсынушы» «Тұтынушыларға» жоспарлы-күнделікті тазалаудың негізгі ережелеріне сәйкес, контейнерлік аумақтардан қоқысты шығару бойынша қызметтерін ұсынады.

2. ЕКІ ЖАҚТЫҢ ҚҰҚЫЛАРЫ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ:
«Қызмет ұсынушы»:
2.1. Күнделікті белгіленген кесте бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды шығаруға;
2.2. Тұрмыстық қоқысты шығарғаны үшін «Тұтынушыдан» ай сайын уақытылы төлемақы алуға. Бекітілген тариф бойынша қоқыс шығару қызметіне төлемақы адам басына – **120 теңге;**
2.3. Белгіленген бағалар жыл бойында нарық бағаларына сәйкес біржақты өзгеруі мүмкін.
«Тұтынушы»:
2.4. Тұрмыстық қоқысты уақытылы шығаруға және төлемақы мөлшерінің дұрыстығын білуге құқылы;
2.5. Темір қораптарға тек қана тұрмыстық қоқыс қалдықтарын тастауға;
2.6. Тұрмыстық қоқысты құрылыс қалдықтарынан, шлактан, күлден, тезектен бөлек жинауға;
2.7. Ай сайын әрбір пәтерде тұратын тұрғындардың санының өзгеруі туралы жазбаша хабарлама беріп тұруға, әрбір пәтерде тұратын нақты адамдардың санын тексеру мақсатында мекен-жай туралы анықтамаларын көрсетіп тұруға міндеттенеді;
2.8. Бұл келісім-шарт **01.01.2017 жылдан - 31.12.2017 жылға дейін жарайды.** Бұл келісім-шарт қоғамдық жариялығымен серіктестік қызмет көрсетіп отырған көпқабатты үйлердің тұрғындарына қатысты. Келісім-шарттың мерзімі біткеннен кейін екі жақтың біреуі аталған келісім-шарт негізін тоқтатуға ұсыныс бермесе, келісім-шарт келесі жылдарға ұзартылады;
2.9. .Бұл келісім-шарт баспасөз бетіне ресми жарияланған уақыттан бастап күшіне енеді;
2.10. «Тұтынушы» тарапынан көрсетілген қызметтің төлемақысы уақытылы төленбеген жағдайда, «Қызмет ұсынушы» ҚР қолданыстағы заңдары шеңберінде сот органдары арқылы шағымдануына құқылы;
2.11. «Қызылорда Тазалығы» ЖШС қоқыс шығару қызметін көрсететін аудандардың тізімі: **Шұғыла м/а, ГОВД, Орталық, Универсам, Автовокзал, Сәулет, Ескі базар – 3-іріленд. квартал, Мостовая – С. Бейбарыс к-сі, мкр. Астана, Нұр Орда, Ипподром, СПМК – 70, Жібек жолы, Тасбөгет – Жаңа үйлер, темір жолдың арғы беті (Шанхай ауданы), КБИ ауд., Гагарин ауд., Титов ауд.).**

Тұрмыстық қатты қалдықтарды өртеуге, қоғамдық орындарға қоюға (көше бойына, көпқабатты үйлердің ауласына, контейнерлік алаңдардың айналасына) және темір қораптардың ішіне құрылыс қалдықтарды тастауға қатаң тыйым салынады. Құрылыс және басқа қалдықтарды шығаруға қатысты сұрақтар бойынша 22-35-42, 22-38-71, +7 705 705 45 43 телефондары арқылы байланысуға болады.

3. ЕКІ ЖАҚТЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕН-ЖАЙЫ:

ҚЫЗМЕТ ҰСЫНУШЫ	ТҰТЫНУШЫ
«Қызылорда Тазалығы» ЖШС, Қызылорда қаласы, «Ақмешіт» мөлтек ауданы, Тілендиев көшесі № 9	Аты-жөні ______________
Тел: 22-35-42	Мекен-жайы ______________
БИН 130240005281	ЖСН ______________
РНН 331000032274	Телефон______________
ИИК KZ 579650000071986658	Тұтынушының қолы ______________
БИК IRTYKZKA КБЕ 17	
АО «ForteBank»	

Директор ___________ Т. Құлмағанбетов

● МӘСЛИХАТ

Кеше VI сайланған Қызылорда облыстық мәлихатының кезектен тыс 11-сессиясы өтті. Оның жұмысына облыс әкімінің орынбасары Қуанышбек Ысқақов қатысты.

МАҢЫЗДЫ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАНДЫ

Сессия төрағасы Имамзада Шағыртаев күн тәртібін дауысқа салып, депутаттар оны қолдап дауыс бергеннен кейін алғашқы мәселе – «2017-2019 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы 12 желтоқсандағы №71 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Сәуле Құлымбетова хабарлама жасады.

Хабарламашы атап өткеніндей, бұрын игерілмеген және бюджеттен алып пайдаланылмаған, сондай-ақ үнемделген қаржылардың қайтарылуы нәтижесінде облыстық бюджетті 1,82 млрд теңгеге нақтылау қажеттілігі туындады. Сессияға дейін болған облыстық мәслихаттың біріккен комиссиялары отырысында депутаттар аталған қаржыны облыстағы өте маңызды деген мәселелерге бөлу туралы ұйғарымға келген болатын. Олардың қатарында Арал қаласындағы 150 төсектік аудандық аурухана құрылысын қосымша қаржыландыру, Сырдария және Жалағаш аудандарының бірқатар елді мекендерінде ауызсу жүйелерін қайта жаңғырту, Талсуат елді мекеніндегі үш әлеуметтік нысанды газбен жабдықтау, Жаңақорған ауданы Түгіскен елді мекеніндегі 300 орындық мектеп құрылысын қосымша қаржыландыру және аймақтағы басқа да көптеген өзекті мәселелер болды. Сессияда халық қалаулылары осы шешімді қолдап дауыс берді.

Нақтыланған облыстық бюджеттің кірісі 168,8 млрд теңге көлемінде бекітілді. Оның ішінде салықтық түсімдер – 9,2 млрд, салықтық емес түсімдер – 212,2 млн, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 8,3 млн, трансферттер түсімі 159,3 млрд теңгені құрады.

Мұнан кейін күн тәртібінде белгіленген өзге де мәселелер талқыланып, тиісті шешімдер шығарылды. Олардың қатарында облыстық ономастикалық комиссияның қорытындысына сәйкес облыстағы бір елді мекеннің атауы өзгертіліп, бірнеше білім беру және мәдениет нысандарына белгілі тұлғалардың есімдері берілді.

Сессия соңында депутаттар Тілеуберген Шаутай мен Асқар Махамбетов өз ұсыныстарын жеткізді. Т.Шаутай сессияға дайындалынып әкелінген шешім жобаларының арасында түсініксіздеу дайындалғандары кездесіп қалатынына назар аударды. Алдағы уақытта бағдарлама әкімшіліктері бұған аса мән беруін сұрады. Ал А.Махамбетов келешекте мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізіндегі жобалар көбейе түсетінін атап өтті. Депутаттар оның механизмдерін әлі толық түсіне бермейді. Сондықтан да оған қатысты семинар өткізу немесе түсіндірме парақтарын дайындау қажет деді. Қ.Ысқақов халық қалаулыларына бұл ұсыныстары үшін рахмет айтып, олардың қаперге алынатынын жеткізді.

Ы.ТӘЖІҰЛЫ.

ТАҒАЙЫНДАУ

Қызылорда облысы әкімінің өкімімен Марсбек Молдабаев Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасының басшысы лауазымына тағайындалды.

Марсбек Рүстемұлы Молдабаев 1963 жылы дүниеге келген. Жамбыл гидромелиоративтік құрылыс институтын «инженер-құрылысшы» және Қызылорда инженерлік-экономикалық институтын «қаржы бакалавры» мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1981 жылы «Қызылорда электр желісі» кәсіпорнында электр слесарі ретінде бастаған. Еңбек жолында мемлекеттік қызмет саласы мен жеке секторда жауапты басшылық қызметтер атқарған.

2016 жылдың тамыз айынан – Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚСЫЗ ҚАЛА

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті және Жастар ресурстық орталығы «Сыбайлас жемқорлықсыз қала» атты акция ұйымдастырды.

Қалалық жолаушылар автобустарында департаменттің Сыбайлас жемқорлық профилактикасы басқармасының қызметкерлері тұрғындарға сыбайлас жемқорлық туралы түсініктемелер жүргізіп, құқықбұзушылықтар туралы тиісті органдарға хабарлау керек екендігін жеткізді.

Акция барысында автобус жолаушыларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері туралы сұрақтар қойылып, жауабын тапқан азаматтарға сыйлықтар таратылды. Бұдан бөлек, жолаушыларға «Азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауға қатысуы» атты жадынамалар ұсынылды.

Іс-шараның негізгі мақсаты қала тұрғындары арасында құқық бұзушылықтарға қарсы, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа «мүлдем» төзбеушілікті қалыптастыру, құқықтық мәдениетті арттыру, елімізде жүргізіліп жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатпен ақпараттандыру және оған табысты қарсы тұруға кеңінен тарту болып табылады.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ҚОРЫТЫНДЫСЫ

«Арысқұм кенішіндегі №132, №195, №305 ұңғымаларға баратын кірме автожолдар салу» жұмыс жобалары бойынша қоғамдық тыңдау қорытындысы.

Қызылорда қаласы, Қазыбек би көшесі, №13 мекенжайы бойынша «Арысқұм кенішіндегі №№132, 195, 305 ұңғымаларға баратын кірме автожолдар салу» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» тақырыбына қоғамдық тыңдаулар өтті.

Тыңдаулар жергілікті атқарушы органдар өкілдерінің, қоғамдық бірлестіктер өкілдерінің, «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ және жобалау тобы өкілдерінің қатысуымен өтті. Жоспарланып отырған қызметті бағалау кезінде ықтимал әсер ету объектілері атмосфералық ауа, топырақ пен өсімдіктер болып табылады. Беткейлік және жерасты сулары біріншілердің шалғайлығына және екіншілерге едәуір әсер тимейтіндігіне байланысты қарастырылмайды. Жоба әзірлеушілердің айтуынша объектілерді пайдалану кезінде қоршаған ортаға әсер боларболмас болады және кері әсерін тигізбейді және табиғат қорғау іс-шаралары сақталған жағдайда экологиялық қауіп-қатерге әкеп соқпайды. Осыған байланысты іс-шараларға қатысушылар шешім қабылдады: ҚОҚБ материалдары мемлекеттік сараптамаға жіберілсін. Ақпарат ҚР ҚОҚ министрінің 28.06.2007 жылғы №204-п бұйрығымен бекітілген «Қоршаған ортаға әсерді бағалау жүргізу жөніндегі нұсқаулықтың» 61-тармағын орындау үшін ұсынылған.

ХАБАРЛАМА

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» акционерлік қоғамы «Арысқұм кенішіндегі №132, №195, №305 ұңғымаларға баратын кірме автожолдар салу» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының 2-тармағының талаптарына сәйкес, барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ойпікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: (7242) 29-92-11.

* * *

«Құмкөл кенішінің оңтүстік-шығыс бөлігіндегі су айдамалау жүйесі. СТБ-2 су тарату бекетінен №337 ұңғымаға дейін, СТБ-1 су тарату бекетінен №2044 ұңғымаға дейін, СТБ-23 су тарату бекетінен №2321 және №4009 ұңғымаларға дейін, СТБ-24 су тарату бекетінен №4007 ұңғымаға дейін, ӨҚ-17 қондырғысындағы СТБ су тарату бекетінен №5002 ұңғымаға дейін 4" айдамалау құбырларын тарту» жұмыс жобалары бойынша қоғамдық тыңдаудың қорытындысы.

Қызылорда қаласы, Қазыбек би көшесі, №13 мекенжайы бойынша «Құмкөл кенішінің оңтүстік-шығыс бөлігіндегі су айдамалау жүйесі. СТБ-2 су тарату бекетінен №337 ұңғымаға дейін, СТБ-1 су тарату бекетінен №2044 ұңғымаға дейін, СТБ-23 су тарату бекетінен №2321 және №4009 ұңғымаларға дейін, СТБ-24 су тарату бекетінен №4007 ұңғымаға дейін, ӨҚ-17 қондырғысындағы СТБ су тарату бекетінен №5002 ұңғымаға дейін 4" айдамалау құбырларын тарту» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» тақырыбына қоғамдық тыңдаулар өтті.

Тыңдаулар жергілікті атқарушы органдар өкілдерінің, қоғамдық бірлестіктер өкілдерінің, «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ және жобалау тобы өкілдерінің қатысуымен өтті. Жоспарланып отырған қызметті бағалау кезінде ықтимал әсер ету объектілері атмосфералық ауа, топырақ пен өсімдіктер болып табылады. Беткейлік және жерасты сулары біріншілердің шалғайлығына және екіншілерге едәуір әсер тимейтіндігіне байланысты қарастырылмайды. Жоба әзірлеушілердің айтуынша объектілерді пайдалану кезінде қоршаған ортаға әсер болар-болмас болады және кері әсерін тигізбейді және табиғат қорғау іс-шаралары сақталған жағдайда экологиялық қауіп-қатерге әкеп соқпайды. Осыған байланысты іс-шараларға қатысушылар шешім қабылдады: ҚОҚБ материалдары мемлекеттік сараптамаға жіберілсін. Ақпарат ҚР ҚОҚ министрінің 28.06.2007 жылғы №204-п бұйрығымен бекітілген «Қоршаған ортаға әсерді бағалау жүргізу жөніндегі нұсқаулықтың» 61-тармағын орындау үшін ұсынылған.

ХАБАРЛАМА

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» акционерлік қоғамы «Құмкөл кенішінің оңтүстік-шығыс бөлігіндегі су айдамалау жүйесі. СТБ-2 су тарату бекетінен №337 ұңғымаға дейін, СТБ-1 су тарату бекетінен №2044 ұңғымаға дейін, СТБ-23 су тарату бекетінен №2321 және №4009 ұңғымаларға дейін, СТБ-24 су тарату бекетінен №4007 ұңғымаға дейін, ӨҚ-17 қондырғысындағы СТБ су тарату бекетінен №5002 ұңғымаға дейін 4" айдамалау құбырларын тарту» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының 2-тармағының талаптарына сәйкес, барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: (7242) 29-92-11.

* * *

«Қызылқия кенішіндегі су айдамалау жүйесі. №№100, 110, 120, 315 ұңғымаларға айдамалау құбырларын тарту» жұмыс жобалары бойынша қоғамдық тыңдаулар қорытындылары.

Қызылорда қаласы, Қазыбек би көшесі, №13 мекенжайы бойынша «Қызылқия кенішіндегі су айдамалау жүйесі. №№100, 110, 120, 315 ұңғымаларға айдамалау құбырларын тарту» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» тақырыбына қоғамдық тыңдаулар өтті.

Тыңдаулар жергілікті атқарушы органдар өкілдерінің, қоғамдық бірлестіктер өкілдерінің, «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ және жобалау тобы өкілдерінің қатысуымен өтті. Жоспарланып отырған қызметті бағалау кезінде ықтимал әсер ету объектілері атмосфералық ауа, топырақ пен өсімдіктер болып табылады. Беткейлік және жерасты сулары біріншілердің шалғайлығына және екіншілерге едәуір әсер тимейтіндігіне байланысты қарастырылмайды. Жоба әзірлеушілердің айтуынша объектілерді пайдалану кезінде қоршаған ортаға әсер болар-болмас болады және кері әсерін тигізбейді және табиғат қорғау іс-шаралары сақталған жағдайда экологиялық қауіп-қатерге әкеп соқпайды. Осыған байланысты іс-шараларға қатысушылар шешім қабылдады: ҚОҚБ материалдары мемлекеттік сараптамаға жіберілсін. Ақпарат ҚР ҚОҚ министрінің 28.06.2007 жылғы №204-п бұйрығымен бекітілген «Қоршаған ортаға әсерді бағалау жүргізу жөніндегі нұсқаулықтың» 61-тармағын орындау үшін ұсынылған.

ХАБАРЛАМА

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» акционерлік қоғамы «Қызылқия кенішіндегі су айдамалау жүйесі. №№100, 110, 120, 315 ұңғымаларға айдамалау құбырларын тарту» жұмыс жобалары жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

2007 жылғы 9 қаңтардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының 2-тармағының талаптарына сәйкес, барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: (7242) 29-92-11.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облыстық мамандандырылғын ауданаралық экономикалық сотының 2017 жылдың 3 ақпанындағы ұйғарымымен «Аякузов Ж.Р.» ЖК-ға (ЖСН 631 121 301 614) өзін-өзі банкрот деп тану бойынша азаматтық іс қозғалғанын хабарлайды.

Барлық талап-тілектер мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 29 үй.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Туменбаев Косынбай Саймановичтің атына Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Аманкелді ауылы, Тышқанбаев көшесі №76 үйге берілген Сырдария ауданы әкімдігінің қаулысының (№509 20.12.2006 ж.), қабылдау комиссиясының жария етілген құрылыс объектісін пайдалануға қабылдау туралы актісінің (20.12.2006 ж.), Сырдария ауданы бойынша жария етуді жүргізген комиссия шешімінің (№850 16.01.2007 ж.), жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісінің (кадастрлық №10:153:024:000), техникалық паспортының түпнұсқалары жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: **70-00-49, 70-00-52** телефондары арқылы байланысуға болады.
E-mail: smjarnama@mail.ru

АВТОКӨЛІКПЕН ЖҮК ТАСЫМАЛДАУШЫЛАР НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 04.11.2016 жылғы №761 бұйрығымен Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 26.03.2015 жылғы №342 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарымен жүруге арналған автокөлік құралдарының жол берілетін параметрлеріне өзгерістер енгізілді. Аталған өзгерістер 24.01.2017 жылдан бастап заңды күшіне енді.

Енгізілген өзгерістерге сәйкес

Жол берілетін ұзындық:

Құрамында тартқыш пен жартылай тіркеме бар ершікті автопоезд үшін **16,5 метр құрайды;**

Конструкциясы және тағайындауы бойынша ірі габаритті және ауыр салмақты жүктерді тасымалдауға арнайы бейімделген автопоезд – **20 метр құрайды;**

Жол берілетін салмақтар:

үш білікті дара автокөлік құралдарының салмағын (25 тонна) – егер жетекші білік екі қатарлы доңғалақпен жабдықталып, әр білікке түсетін жүктеме **9,5 тоннадан аспаса 1 (бір) тоннаға асыруға жол беріледі (яғни, 26 тонна деп есептейміз)**;

Ескеру қажет, жетекші білік екі қатарлы доңғалақпен жабдықталып және әр білікке түсетін жүктеме 9,5 тоннадан аспаса, жүктемені **1 тоннаға асыруға жол беріледі**, егер бұл талаптарға сәйкес келмесе, **мысалы**, жетекші (артқы) біліктердің біріншісі 8,5 тонна, ал екіншісі (соңғысы) 10 тонна болса, **1 тонна қосуға жол берілмейді**.

Қазіргі таңда, автокөлік құралдарының жол берілетін біліктік жүктемелерінің салмақтары қосындысы қосарланған біліктер үшін біліктерге арақашықтығы:

1,3 метрден қоса алғанда 1,8 метрге дейін – **16 тонна құрайды**;

1,8 метрден қоса алғанда 2 метрге дейін – **18 тонна құрайды**;

мысалы, біліктер арақашықтығы 1,3-1,8 метр кезінде жетекші (артқы) біліктердің біріншісі мен екіншісі (соңғысы) 9,5 тоннадан болса (19 тонна), алым жол берілетін жүктемеден (17 тоннадан =16+1) асқаны (2 тонна) **үшін өндіріледі**.

Қызылорда облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қызылорда облыстық денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда облыстық туберкулезге қарсы диспансері» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің әкімшілігінде **+7(724)2 40-01-42** (электронды поштасы korda_optd@mail.ru) сенім телефоны жұмыс істейтінін және өз өтінішіңізді мына сайтқа www. korda_optd.kz («Бас дәрігердің блогы» тарауы) қалдыруыңызға болатынын хабарлайды.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» акционерлік қоғамының «ГП Қызылорда бөлімшесі» филиалы және «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің» кәсіби одағы қоғамдық бірлестігі Қызылорда филиалы, ардагерлер кеңесі және Арал станциясының басшылықтары Ұлы Отан соғысының ардагері, зейнеткеріміз

Ибраев Пахрадиннның

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

* * *

«Транс Азия Констракшн» ЖШС ұжымы серіктестіктің құрылыс учаскесінің бастығы Әбдіреев Қуанышбекке әкесі

Өмірзақтың

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

* * *

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректораты мен ұжымы университеттің Студенттер сарайының көркемдік жетекшісі Әдепов Сәдуақас Әбілұлына інісі

Абдулланың

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Меншік иесі:
Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36
Сыр бойы
Қызылорда облыстық газетінің редакциясы
БАС РЕДАКТОР
Жұматәли ӘБДІРАМАН
қабылдау бөлмесі 40-02-17
Бас редактордың орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81
бөлімдер:
руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі
меншікті тілшілер:
Арал, Қазалы: Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиелі, Жаңақорған: Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51
e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz
Газет аптасына 3 рет, сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
"Сыр бойы" облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 "Сапа менеджменті жүйесі" талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. *"АҚ"-ақылы қызмет.
Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 8(7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А"
Таралымы 29451
Тапсырыс № 205